

ҒАСЫР ДЕРТІ

Есірткі тұтыну жастар арасында неге әдетке айналып барады?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында есірткі саудасы мен нашақорлыққа қарсы күрес мәселесін көтерген еді. Қоғам мен мемлекетті іштей шірітетін әлеуметтік кеселмен күресте ірі мегаполистердің орны бөлек. Құқықтық статистикаға көз жүгіртсек, еліміздің ірі қалаларында құқық бұзушылық тыйылмай отыр.

ҰЛТТЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ҚОРЫН АМАН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Ел Президенті биылғы 2 қыркүйектегі халыққа Жолдауында заң үстемдігін орнату мәселесіне ерекше тоқталған болатын. Бұл істе, әсіресе, есірткі саудасымен күрес мәселесін қадап айтты. Ғасыр дертімен күресте құқық қорғау органдарының қызметіне ерекше назар аударылды: «Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес.

Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ушығып барады», – деді Мемлекет басшысы.



ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА

қар мен мұзды уақытылы тазалауға, көктайғақтың алдын алуға мүмкіндік береді

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында Алматыда қысқы кезеңде коммуналдық техниканың дайындығы көрсетілді. Қалалық инфрақұрылымды қыс мезгілінде сапалы қамтамасыз ету мақсатында арнайы техника паркi жаңартылды. Биыл 32 заманауи техника сатып алынып, олардың көмегімен тазалау жұмыстарының тиімділігі мен жылдамдығы арттырылмақ.



луде. «Қысқы кезеңде көше-жол желісін толық күтіп ұстауды қамтамасыз ететін 10 біріктірілген жол тазалау машинасы, сондай-ақ тротуарлар мен іргелес аумақтарды қар мен мұздан тазартуға арналған алты трактор сатып алынды», – деді ол.

«Алматы Тазалық» МКК арнайы техника паркi жыл сайын жаңартылып отырады. Бұл – компанияның жұмыс сапасын жақсартуға және қыс мезгілінде өнімділікті арттыруға бағытталған маңызды бөлігі. Осылайша 2025 жылы 123 арнайы техниканы, соның ішінде жол тазалау машиналарын, жүк көліктерін, қоқыс таситын көліктерді, тротуарларды тазартуға арналған тракторларды, манипуляторлары бар автокрандарды және Jetbroom қар тазалау машиналарын сатып алу жоспарлануда. Олар қала жолдарында одан да жоғары тазалау сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Айта кетейік, Алматыға 2024-2025 жылдардың қыс мезгілінде тиімді қызмет көрсету үшін қала көшелерінде 841 техника және 1405 жұмысшы қызмет етеді. Бұл қар мен мұзды уақытылы тазалауға, көктайғақтың алдын алуға, сондай-ақ жол мен тротуардағы басқа қыстағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

Сымбат БАЙБАЗАРОВА,
Алмалы ауданының тұрғыны:

– Қазір бәрі техниканың қаншалықты заманауи және көпфункционалды екендігіне байланысты. Алматы бұл тұрғыда, бәлкім, алдыңғы қатарда. Панфилов көшесі мен басқа да скверді робот секілді кішкентай машиналар тазалап жүр.

Анна ЛИСТОПАДНАЯ,
Бостандық ауданының тұрғыны:

– Қол еңбегінсіз, әрине, болмайды, бірақ өнімділік техникада. Қазір машиналар бәрін жасай алады. Бұрын мұндай жабдықты тек роликтерден көретінбіз, ал қазір олар біздің қаламызда көп. Ең бастысы, робот шаңсорғыш сияқты, бәрін таза, дыбыссыз және шығарындыларсыз жасайды. Олардың көбісі электрлі.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

19.11.2024

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

20.11.2024

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
кешке жаңбыр.

21.11.2024

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман.

Күндіз:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман.

www.aqshamnews.kz





ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

ҒАСЫР ДЕРТІ

Есірткі тұтыну жастар арасында неге әдетке айналып барады?

(Басы 1-бетте).

Есірткі қоғам мен мемлекетті іштей әлсіретеді, бұл – халықтың денсаулығы мен болашағына соғыссыз-ақ балта шабылады деген сөз. Сондықтан ғасыр дертіне айналған кесапатпен жүйелі күрес жүргізу қажет. Осы бағытта соңғы жылдары біршама жұмыс атқарылды да. Алайда, бұл жеткіліксіз. Себебі, жастар арасында есірткі тұтыну сәнге және әдетке айналып барады. Қала берді, табыс табудың оңай жолына айналуда. Қазір еліміздің ақпараттық кеңістігінде «Закладка» деп аталатын деректі фильм талқылануда. Онда синтетикалық есірткі саудасы мәселесі жан-жақты қарастырылып зерттелген. Ондағы мәліметке сүйенсек, бүгінде қылмыстық атқару мекемелерінде 4,3 мыңнан астам адам есірткі саудасымен айналысқаны үшін жазасын өтеп жатқан көрінеді. Деректі фильмде жазасын өтеп жатқан адамдардан сұхбат алынған. Олар бұл жолға қалай түскенінен сыр ақтарып, өз ісі үшін өкінетінін айтқан.

Ел аузында жүрген деректі фильмге әлеуметтік желідегі пікірлерді талдай келе бұл мәселе бәрін толғандыратынын түсінуге болады. Үкіметтің осы бағытта қылмыстың алдын алу шараларын жүзеге асыруға дереу кірісу себебі де осында. Есірткі саудасымен күресте, әсіресе, ірі мегаполистердің орны бөлек.

Ресми статистика не дейді?

Урбанизация, яғни халықтың ауылдан қалаға көшу үдерісінің жағымды тұсынан бөлек тәуекелдері де жеткілікті. Халық көп, әрі тығыз орналасқан сайын қылмыстық жағдай да қиындай береді. Мұның себебі әртүрлі болуы мүмкін. Қалаға келген адамда әлеуметтену үдерісі баяу әлде мүлдем жүрмейді. Қалада өмір сүру үшін бәсекелестік жоғары. Қала берді, қалада туып-өскендермен тіл табысып кету де оңай үдеріс емес.

Қалалардағы қылмыстық жағдайдың күрделі екенін ресми статистика да айтады. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің

ресми сайты «qamqor.kz» деректеріне сүйене отырып, төмендегі екі кестені құрастырдық. Кестеде қылмыстық құқық бұзушылық статистикасы берілген. Соның ішіндегі есірткі заттар бойынша статистика бөлек көрсетілген. Көріп тұрғанымыздай, республикалық маңызы бар қалаларда қылмыс деңгейі жоғары. Есірткілік құқық бұзушылық бойынша Астана қаласы алда тұр. Алматыда жыл аяқталмаса да, өткен жылғы көрсеткіштен асып кеткен. Алайда, қылмыс санының өсуі үнемі жағдай қиын екенін білдірмейді. Бұл бір жағынан, құқық қорғау органдарының жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде есірткі заттар бойынша	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
ҚР	138 мың (6,5 мың)	140 мың (6,5 мың)	121 мың (6,3 мың)	117 мың (7,3 мың)
Алматы	22 мың (618)	30 мың (562)	23 мың (641)	21 мың (699)
Астана	14 мың (895)	15 мың (671)	15 мың (870)	16 мың (1047)
Шымкент	9 мың (352)	8 мың (390)	5 мың (518)	4,9 мың (483)

Әкімшілік құқық бұзушылық көрсеткіші бойынша да ірі қалалардағы жағдай мез емес. Көш басында Алматы және Астана қалалары тұр. Республика бойынша да жыл сайын бұл санаттағы құқық бұзушылықтар артып келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
ҚР	6,6 млн	6,8 млн	7,7 млн	11,1 млн
Алматы	1,4 млн	1,1 млн	1,2 млн	3,1 млн



(Дереккөз: Алматы қаласы әкімдігі).

Алматыда есірткі өндіретін 14 зертхана жойылған

Алматы қаласында биылғы Президент Жолдауынан кейін есірткі саудасы мен нашакорлыққа қарсы күрес бағытында біршама нәтижелі жұмыс атқарылды. Дегенмен, ғасыр дертімен күресте жүйелі жұмыс керек. Алматы қаласы Полиция департаментінің басшысы Арыстанғани Заппаров қалалық Қоғамдық кеңес отырысында есеп бергенде жыл басынан бері қалада есірткінің заңсыз айналымына қатысты 530 құқық бұзушылық анықталғанын айтты.

Бұдан бөлек, мынадай статистикалық мәліметтер келтірілген:

- Есірткі өндіретін 14 зертхана жойылған;
- 74 есірткі бетбелгісін қоюшы қолға түсірілген;
- Есірткі құралдарының таралуы туралы мәліметтерді қамтитын 9 мың 186 граффити суреттері табылып, үстін бояп тастау арқылы жойылған;
- Есірткіні таратумен және жарнамалаумен айналысатын 415 интернет-сайт анықталып бұғатталған.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ

Алматы қаласы Полиция департаменті бейнебақылау жүйесін пайдаланудың тиімділігі туралы айтты. Полицияның жедел басқару орталығында 45 809-ға жуық бейнебақылау жүйесі орнатылса, оның 25 840-ы білім беру нысандарына қойылған. Жыл басынан бері бейнебақылау жүйелерінің көмегімен 2183 қылмыс ашылып, 15 310 қоғамдық тәртіпті бұзу дерегі анықталды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Бүгінде Алматыда қалалық бейнебақылау жүйесін нақты уақыт режимінде басқаруға, болып жатқан оқиғаларға жедел жауап беруге, сондай-ақ тұлғаны тану функцияларын пайдалануға мүмкіндік беретін бірыңғай бейнебақылау платформасы жұмыс істейді. Жалпы алғанда, жүйе жол қозғалысын басқарады және қауіпсіздік бейнеаналитикасының функцияларын орындайды. Жүйенің енгізілуімен қалада қылмыс деңгейі төмендеуде.

«Бейнебақылау камераларынан алынған ақпарат қылмыс пен түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу, ашу және тергеу үшін қолданылады. Айта кету керек, бейнемониторинг жүйесін енгізумен қаладағы криминал-дендік жағдай жақсарды. Бұл шаралар полицияның кешенді күштерінің жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға ден қоюына оң әсер етті. Заманауи технологиялар азаматтардың өмірін қауіпсіз етеді», – дейді Алматы қаласы ПД ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

TargetEYE платформасы

Алматы мектептері мен балабақшаларының қауіпсіздігі онлайн-режимде де бақылана-тын болды. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар TargetEYE платформа-сына қол жеткізіп, оқудан өтті. Бұл Алматы қаласындағы мектептер мен балабақшалардағы қауіпсіздікті бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ

150 мың бейнебақылау жүйесінің мүмкіндігін пайдаланады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматыда бірыңғай бейнебақылау жүйесін енгізудің арқасында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар өз жұмыстарында тағы бір таптырмас құралға ие болды. Енді әрбір инспектордың оқу орындарында орнатылған камераларды жылдам қарауға, бейнежазбалар мұрағатына және бейнесараптама оқиғаларына қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Бұл үздіксіз бақылауды және болған оқиғалар мен азаматтардың өтініштеріне дер кезінде жауап беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні бейнемониторингтің бірыңғай ақпараттық платформасы нақты уақыт режимінде қалалық бейнебақылау жүйесін басқаруға, болып жатқан оқиғаларға жедел жауап беруге, сондай-ақ заманауи алгоритмдер мен нейрондық желілерді пайдалану арқылы адамның бетін тану функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жүйе жол қозғалысын да бақылайды.

Айрықша ерекшелігі – ең қиын жағдайда да жеке тұлғаны анықтау. Тұлғаның негізгі белгілерін (жынысын, жасын), сондай-ақ әртүрлі аксессуарлардың (көзілдірік, сақал, бетперде) болуын анықтайды. Деректерді іздеу іс-шараларын жедел ұйымдастыруға көмектеседі.

– Мысалы, тұлғаны тану жүйесі қаланың

орталық аудандарының бірінде жасырынудағы тырысқан ұрлыққа күдікті азамат А.-ны тіркеген жағдай болды. Жүйенің және мобильді патрульдердің жедел жұмысының арқасында күдікті оқиға жасалған сәттен 15 минут ішінде ұсталды, – деді Алматы ПД өкілі. Азаматтар көп жиналатын жерлерде орнатылған адамдарды тану жүйесінің көмегімен бөтеннің мүлкін тонау және ұрлау, автокөлікті ұрлау, тіпті алаяқтық әрекеттер жасағаны үшін күдікке ілінген тұлғалар анықталып, ұсталды. Алматы Полиция департаментінің 160-қа жуық қызметкері осы жүйемен тікелей жұмыс орындарында жұмыс істеуге рұқсат алды. Бұдан басқа, жедел қызметкерлер, уәскелік полиция инспекторлары, сондай-ақ патрульдік қарауыл үшін онлайн-режимде бейнекамераларды көріп, талдауға қол жеткізді. Сонымен қатар, платформаны пайдалануға қала әкімдігінің, Алматы Даму орталығының әртүрлі қызметтеріне, қалалық прокуратура, ҰҚК қызметкерлеріне қолжетімділік берілді.

Бала қауіпсіздігі маңызды

– Бұл жоба инновациялық технологиялар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілін өзгерте алатынын дәлелдеді, – деп

атап өтті полиция.

Биыл жыл соңына дейін ЕСВМ жүйесіне 10 мыңға жуық қалалық бейнекамераны қосу жоспарлануда, олардың жалпы саны ПД ЖБО-ға және полицияның аудандық басқармаларының кезекші бөлімдеріне шығарылып, шамамен 50 мыңды құрайды. Алты мың бейнекамерада бейнеаналитика функцияларын іске қосу жоспарлануда. Балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады. Алматы полициясы қоғамдық тәртіпті сақтау және қала тұрғындарын қорғау саласында маңызды қадам жасап заманауи бейнебақылау технологиялары мен бейнеаналитиканы тиімді пайдаланып келеді.

– Алматы қаласы әкімдігі елімізде алғаш рет 2024 жылы мемлекеттік білім беру және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде «Бірыңғай қауіпсіздік жүйесі» жобасын сәтті жүзеге асырды. 400-ден астам мектеп пен балабақша ПД-ның Жедел басқару орталығына қосылған цифрлық камераларымен, бейнефондармен, турникеттер, дабыл түймелерімен жабдықталды. Күзет және өрт дабылдары да енгізілді. Қауіпсіздік жүйесінің барлық элементі біртұтас қауіпсіздік экосжүйесіне біріктірілген. Білім беру ұйымдарының бүкіл аумағын қамтитын 22 000 камера деректерді бірыңғай бейнебақылау жүйесіне нақты уақыт режимінде жібереді. Орталықтандырылған басқару және деректерді талдау инспекторларға нақты уақыт режимінде не болып жатқанын бақылауға, негізгі аналитикалық көрсеткіштер бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді – көп адамның шоғырлануынан және ықтимал төбелестерден бастап дереу араласуды қажет ететін күдікті жағдайларға дейін. Мәселен, жүйе республикалық іздеуде жүрген адамдарды анықтап, олардың мектепке кіргенін тіркей алады, – деді Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы Арыстанғани Заппаров.

Полиция бастығының айтуынша, платформа оқиғаға қатысты азаматтардың бет-әлпетін автоматты түрде тану үшін жасанды интеллекттің жетілдірілген алгоритмдері мен бейне-аналитикалық модульдерді пайдаланады, бұл жауап беру процесін жылдамдатады.



(Сурет: egemen.kz сайтынан алынды).

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Алматы – ізгілік бастамаларының ұйытқысы, әртүрлі қайырымдылық ұйымдарының орталығы. Қалада түрлі бағыттағы көптеген қорлар мен еріктілер ұйымдары жұмыс істейді. Алайда, олардың ашықтығы мен заңдылығы қоғамда жиі талқыға түсіп жүр. Қайырымдылықтың қайырлы болуы үшін бақылау мен сенімнің орны ерекше.



ҚАЙЫРЫ ЖОҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қорлар мен ұйымдардың жұмысын кім бақылап, қай мекеме реттейді?

Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жер – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деген қазақ жақсылықта, игілікті істе әрқашан қайырым болатынын меңзейді. Иә, қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің. Халқымыз қашанда көмекке әзір. Оны осы көктемдегі су тасқыны кезінде жұмыла бас қосып, табиғи апатты бірге еңсерген елден байқауға болады...

Кейінгі кездері елімізде көмекке зәру адамдарға жәрдемдесетін ұйымдар да, жеке адамдар да көбейген. Халықтың қайырымдылыққа берген ақшасын бас пайдасына жарататын қайыры жоқ қайырымдылық қорлары да

жоқ емес. Жалпы, қорлар мен ұйымдардың жұмысын кім бақылап, қай мекеме реттейді?

Уәкілетті органдардың биылғы тексерісінің қорытындысы бойынша Алматы қаласында қайырымдылықпен және білім беру саласындағы қызметпен айналысатын 26 мекеменің тек 11-і нақты жұмыс істеген, ал 15-і тіркелген жерінде жоқ екені анықталған.

Қоғамның сенімін пайдаланып, қаражат жинап, оны нақты көмекке жұмсамай, өз мүддесіне пайдаланатын қорлар өздерінің қаржылық есептерін дұрыс жүргізбейді немесе халықтан жиналған қаржының бәрін қайырымдылыққа жұмсамайды. Әдетте, мұндай ұйымдардың әрекетін халықтың алдында есеп бермеуінен байқауға болады.

Бізге қазақтың ұлы қасиетін,

қайырымдылығы мен ұйымшылдығын танытатын игі дәстүр бар, ол – асар. Көпшіліктің көмегін пайдаланып, ауыр жұмыстарда бірлесе көмек қолын созу. Міне, осы дәстүрді атына, мақсатына арқау еткен танымал қайырымдылық қорына қатысты жақында әлеуметтік желіде дау шықты. Желіде «Асар-Уме» қайырымдылық қорының шынайылығына қатысты пікір тарады. Қоғам белсенділері мен оқырмандар қордың жұмысына шағымданып, миллиардтаған қаржы қайда кетіп жатқанына күмән келтірді. Халыққа нақты есебін көрсетуін талап етті.

Көп ұзамай қор басшысы ұйымның ресми парақшасында халықтан түскен ақшаның қайда жұмсалғанын айтып, жазба жариялады. «Асар-Умеге» қатысты

дау-дамайлар басылмай жатып, тағы бір қайырымдылық қорының құрылтайшысы Перизат Қайрат 1,5 млрд теңге жымқырды деген күдікпен ұсталды. Қаржы мониторингі агенттігі күдікті заңсыз әрекеттерімен еріктілер қозғалысының беделіне нұқсан келтіріп, халықтың сеніп тапсырған қаражатын талан-таражға салған деп есептейді.

Қазақстанда қанша қайырымдылық қоры жұмыс істейтіні жөнінде нақты ақпарат жоқ. Ресми емес мәлімет бойынша, елімізде 1371 қайырымдылық ұйымы тіркелген (2021 – 512, 2022 – 842, 2023 – 1055). 20-дан астам мемлекеттік меншік нысаны қайырымдылық ұйымдарына берілген. Әлеуметтік көмек көрсетіп, мүгедектерге, жетім балаларға, аз қамтылған отбасыларға және

басқа да мұқтаж жандарға жәрдемдеседі. Бірақ сол қайырымдылықты бақылайтын жүйе мен арнайы мекемелер жоқ. Қайырымдылық қорларының көбі мемлекеттік бақылаусыз жұмыс істейді, сондықтан олардың қызметі тек қоғамдық бақылауда болады.

Қайырымдылық қорларының заңды жұмыс істеуі мен қаржылық бақылауы біршама қиындыққа тап болып отыр. Себебі, қорлар мен ұйымдар халықтан түскен қаражаттың есебі мен қаржылық ақпаратты ашық жариялау керегін білсе де, біразы бұл талаптарды орындамай отыр. Ақпараттың бар-жоғын анықтау үшін көпшілікке танымал қорлардың біразының ресми сайттары мен парақшаларын қарап шықтық. Бірақ қайырымдылыққа деп жіберіп жатқан қаржының қайда жұмсалғандығы туралы нақты ақпаратты көрмедік. Әрине, бұл жерде қайырымдылық қорларының бәрі заңсыз деуден аулақпыз. Олардың арасында өз жұмыстарымен қоғам назарын әлеуметтік мәселелерге аударып, қайырымдылықты насихаттап жүрген, көптің алғысына бөленіп жүрген жандар жетерлік.

Қорлардың жұмысын заңды түрде реттейтін арнайы мекемелердің болмауы алаяқтыққа әкеп соғуы мүмкін. Қоғам белсенділері қорлардың жұмысын тексеріп, жүйелі реттеу мен ашықтықтың қажет екенін айтып отыр. Заңды түрде реттейтін механизмдер мен арнайы органдардың құрылуы, осы саладағы сенімді арттырып, халықтың көмек көрсетуге деген ынтасын күшейтуі мүмкін.

2015 жылы қабылданған «Қайырымдылық туралы» заң бар. Қайырымдылық қызметін жүзеге асыру осы заңмен реттеледі. Заңгерлер мен сарапшылар бұл заңның ескіргенін, қазіргі заман талабына және ел өміріндегі өзгерістерге толыққанды жауап бермейтінін айтады.

ЗАҢГЕР НЕ ДЕЙДІ?



Шолпан БОСТАНҚЫЗЫ, заңгер, қоғам белсендісі:

Ақшаның да сұрауы бар

Халықтың берген ақшасының қайда жұмсалғанын білуге құқығы бар

Бізге қазір қайырымдылық қорлары көп-ақ. Көп болғаны жақсы. Себебі, мұндай ұйымдар азаматтық қоғамды тәрбиелеуге көмектеседі. Бірақ бүгінгі күні қайырымдылық қорларын бақылау туралы заңнама еш жерде көрсетілмеген. Олардың қызметіне бақылау жасау тек прокуратураның құзыретінде. Үлкен қорлар көбіне баспанасыз жүрген отбасыларға, жалғызбасты аналарға үй берумен, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік берумен айналысады. Ақшаның есебі берілмейді. Соның арқасында біреу байып жатады.

2023 жылы «Қоғамдық бақылау» туралы заң күшіне енді. Содан кейін сең қозғалды десек болады. Азаматтар, заңгерлер мен қоғам белсенділері өздері бастама көтеріп осындай қорлар мен ұйымдарды барып тексере алады. Мұның өзі қоғамдық қатынасты реттеу амалдарына жатады. Қайырымдылықты әр адам өз еркімен саналы түрде жасайды. Сол арқылы мұқтаж жанның тұрмыстық өмірін жақсартып, несие мәселесін шешуге көмектесуі мүмкін. Ал ол заңды ма, заңсыз ба – ешкім дөп басып айта алмайды. Сондықтан міндетті түрде қоғамдық бақылау болғаны дұрыс деп есептеймін. Қоғамды тәрбиелейтін – өзіміз. Қорлардың заңсыз әрекетіне мемлекетті, үкіметті кінәлаудың қажеті жоқ. Үкімет олардың жұмысын бақылай алмайды. Қор құрылтайшысы сол ұйымды құрып, жауапкершілікті алды ма, халықтан қаражат жинады ма, соңында есебін беруге міндетті. Халықтың да өзінің берген ақшасының қайда жұмсалғанын білуге құқығы бар, яғни ақшаның да сұрауы бар.

Түскен ақша үйге немесе өзге де қажеттіліктерге жұмсалып жатыр ма, жоқ па қатаң қадағалануы қажет. 2015 жылы қабылданған заң қазір күшінде емес деп айтуға болмайды. Дегенмен, әлі де шикі тұстары көп екенін байқап жүрміз.

Қазақстанда қайырымдылық қорын тіркеу бірнеше кезеңнен тұрады және оны заңды түрде рәсімдеу үшін бірнеше талапты орындау қажет. Қорды тіркеу үшін құрылтайшы қордың жарғысын дайындауы керек. Одан кейін Әділет министрлігіне немесе оның аймақтық органдарына өтініш беріледі. Әділет органдары өтінішті қарап, құжаттардың заң талаптарына сәйкестігін тексереді. Егер барлығы дұрыс болса, қорды тіркеу туралы шешім қабылдайды. Қор тіркелгеннен кейін оның қызметі «Қайырымдылық туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарға сәйкес реттеледі.

Айта кететін маңызды жайт, қайырымдылық қоры деп аталғанымен, оның дәрежесі жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен тепе-тең. Ол жеке кәсіпкерлікке жатпайды. Заңды тұлғаның қызметін реттейтін ережелер жинағы, яғни жарғысы болуы міндетті.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР



Мақсатбек МАҚСОТҰЛЫ, ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының директоры:

Қаржылай ашықтық

халықтың сенімі мен қордың өркендеуінің кепілі

Асыл дініміз Исламда зекет – көбею, өсу, берекет, тазалау, ағыл-тегіл, аста-төк нығыметтерге шүкірлік айту секілді мағынаны қамтиды. Мұсылман бауырларымыздың зекет парызын өтеу дұрыс бағытта жүргізілуі үшін 2012 жылы ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қоры құрылған болатын. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бұл бастаманы қолға алуының да орасан зор маңызы бар. Жалпы, «Зекет және қайырымдылық» қорының жұмысын ҚМДБ мен оның құрамындағы Қамқоршылық кеңесі қадағалап, реттеп отырады.

Қаржылай ашықтық – ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының басты мақсаттарының бірі, әрі халықтың сенімі мен қордың өркендеуінің кепілі. Қор қаржылай есебін әр кезең сайын ресми сайтта, әлеуметтік желілерде ашық түрде жариялап отырады. Жиналған қайырымдылық көмектің барлығы мақсатты түрде арнайы көмек беру алгоритмі арқылы мұқтаждарға жеткізіледі.

Бізге 8 қайырымдылық жобасы бар. Оның есебіне қатысты біз жыл сайын аудит жүргізіп, бақылау жасап отырамыз. Сонымен бірге, бұл есептер біздің архивте сақталады.

Дәстүрлі ислам дінінде қайырымдылыққа үлкен орын берілген. Оның ішінде зекет туралы Алла Тағала Қасиетті Құранның көптеген аятында намаз құлшылығымен бірге орындауды бұйырған. Бұл зекеттің қаншалықты маңызды іс екенін көрсетеді. Мысалы, қасиетті Құрандағы «Бақара» сүресінің 43-аятында: «Намазды толық орындандар және зекетті беріндер», – деп айтылған. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) зекетті бес парыздың ішінде атап: «Ислам бес нәрсеге негізделген: Алладан басқа құдай жоқ екендігіне және Мұхаммед (с.ғ.с.) Оның Елшісі екендігіне куәлік беру, намазды орындау, зекет беру, рамазан оразасын ұстау, шамасы келген кісіге Алланың үйіне қажылық ету», – деген.

Хакім Абай:
Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс, – деп, мұсылман адам бес парызын толығымен орындау керектігін де айтқан.

МИНИСТР

Алматы жұртшылығымен кездесті

Қазақстан Республикасының Көлік министрі Марат Қарабаев өткен жұмада Алматы қаласының тұрғындарымен кездесті. Алматылықтардың басын қосқан келелі жиын М.Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің ғимаратында өтті.

Кездесуде қаланың көлік инфрақұрылымы мен жолдардың сапасын, мегаполистің транзиттік мүмкіндіктерін жақсартуға қатысты бастамалар талқыланып, Алматының көлік желісін жүктемеден босату үшін қабылданған шаралар сөз болды. Сонымен қатар, өткен жылы ашылған Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (БАКАД) жобасының нәтижелері айтылды. Аталмыш жол қаланың экологиясын жақсартып, көлік кептелісін азайтуға айтарлықтай әсер етті. Бүгінде транзиттік тасымалдардың шамамен 40%-ы Алматы орталығын айналып өтеді.

Кездесуде тұрғындар қала жолдарының сапасына байланысты БАКАД-қа, жүк тасымалдаудағы қиындықтар мен оң рульді көліктерге қатысты көптеген сауалдар қойды. Өз кезегінде Марат Кәрімжанұлы әрбір тұрғынның сауалын мұқият тыңдап, нақты жауап беруге тырысты. Ол сондай-ақ, халықтың ұсыныстары мен сын-пікірлері алдағы жұмыс жоспарларын құруда ескерілетінін айтты.

Қазіргі таңда дәл осындай форматтағы кездесу еліміздің басқа да өңірлерінде өтуде. Мұндай жүздесу халықпен ашық диалог құруға және көлік саласындағы түйткілдерді шешуге бағытталған үкіметтің бастамасы екенін айта кеткен жөн.

БУҚАРАЛЫҚ СПОРТ



ЖАҢА ОРТАЛЫҚ Күн сайын 200-ге жуық адам спортпен шұғылдана алады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданын аралау барысында «Зерделі» шағынауданындағы жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенін аралады.

Досбол АТАЖАН

Аталмыш орталық балалар мен жастарға арналған түрлі спорт секцияларын ұсынады. Күн сайын екі ауысымда 196 адам қабылдай алатын орталықта спорт, бокс және хоореографиялық және үстел ойындары залы бар. Жаңа кешен нормативтерге сәйкес киім-кешек және душ бөлмелерімен, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген санитарлық тораптармен жабдықталған. Аралау қорытындысы бойынша Ерболат Досаев бірқатар тапсырмалар берді: атап айтқанда, ол салынған денешынықтыру-сауықтыру кешендері отбасылық-бағдарланған болуы тиіс, ол үшін спорт мектептерінің тәрбиеленушілері ғана емес, сондай-ақ жақын маңдағы аудандар-

АЛАТАУ АУДАНЫ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» САЛЫНЫП ЖАТЫР

Бұл білім мекемесінің құрылысы өткен жылы наурыз айында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Теректі» шағынауданында басталған болатын. Алатау ауданында қазір 31 мемлекеттік мектеп бар, онда 58 мыңнан астам бала оқиды. Халық санының артуы нәтижесінде осы оқу жылында аудан бойынша мектеп орындарының тапшылығы 5 мың орынға дейін жетті. Қалада «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 36 800 орынды 22 білім ордасының құрылысын салу жоспарланған.

Алматы әкімдігі оқушы орындарының тапшылығы деңгейін реттеу мақсатында жаңа мектептер мен қосымша құрылыстарды жергілікті бюджет есебінен салуды жалғастырады. Қаладағы бұрын ашылған білім ұйымдарының негізінде 2025 жылы тағы 16 мектеп бір ауысымдық оқытуға көшеді. Осылайша келесі оқу жылында 200-ден астам мемлекеттік мектептің 43-і бір ауысымдық жүйеге көшеді (өсім 12,5%-дан 18,4%-ға дейін).

«Теректі» шағынауданындағы «жайлы мектепті» көріп шыққан Ерболат Досаев оны 2025 жылы қаңтарда, үшінші тоқсанның басына дейін ашуды тапсырды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Инженерлік желілер тартылды

Алатау ауданына қарасты «Боралдай» шағынауданының 4 мыңнан астам тұрғыны орталық коммуникациялармен қамтамасыз етіледі.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданына жұмыс сапары барысында «Боралдай» шағынауданындағы сумен жабдықтау және көріз желілері құрылысының барысымен танысты.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Алатау ауданындағы 2000 орынды «жайлы мектептің» құрылысымен танысты.



2014 жылы қалаға қосылған шағынауданда инженерлік желілер болған жоқ. 2019 жылы тек 8,2 км магистральдық желілер салынды. Осы жылдың қыркүйек айында қала басшысының тапсырмасы бойынша 76,4 км желі, оның ішінде 52,1 км – су құбыры және 24,3 км – көріз құрылысын көздейтін ауқымды жоба басталды. Осылайша Алатау ауданы әкімдігінің мәліметі бойынша «Боралдай» шағынауданының 4 мыңнан астам тұрғыны орталық коммуникациялармен қамтылатын болады.

Бүгінгі таңда 7 км желі салынды. Нысандардың құрылысын аяқтау және пайдалануға беру 2025 жылдың қазан айына жоспарланып отыр.

Ерболат Досаев Алатау ауданының әкіміне жұмыстарды орындау кестесі мен сапасын бақылауда ұстауды тапсырды. Қала басшысы жоба белгіленген мерзімде аяқталып, барлық стандарттарға сай болуы тиіс екенін атап өтті, өйткені сумен жабдықтау және көріз жүйесі жайлы және қауіпсіз тұрудың негізі болып табылады.

МЕДИЦИНА

ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ

Қала әкімінің тапсырмасымен тағы бір медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету орталығы салынды

Жаңа медициналық орталықтан «Қарасу» және «Өжет» шағынаудандарының 20 мыңнан астам тұрғыны қадамдық қолжетімділікте медициналық көмек ала алады.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алатау ауданына жасаған жұмыс сапары барысында «Қарасу» шағынауданындағы медициналық-санитарлық көмек орталығының (МСАК) жаңа ғимаратына барды.

Бұған дейін «Қарасу» шағынауданындағы 18 мың адам тұратын «Өжет» шағынауданының тұрғындарына №25 қалалық емхана қызмет көрсетеді. Медициналық мекемелердің жүктемесін азайту және «Қарасу» мен «Өжет» тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында қадамдық қолжетімді жерде заманауи дәрігерлік амбулатория салу қажеттілігі туындады.

Тұрғындардың өтінішін ескере отырып, әкімнің тапсырмасымен жаңа орталықтың құрылысы 2023 жылдың ақпан айында басталды. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толығымен аяқталған. Биыл қараша айының соңына дейін ғимаратты пайдалануға беру және оны қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының балансына өткізу жоспарланған. Тиісті рұқсат құжаттарын, соның ішінде қызмет көрсе-



ту лицензиясын алғаннан кейін МСАК орталығы алғашқы пациенттерді қабылдай бастайды. Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Назгүл Иманғалиеваның айтуынша, орталықты ашу осы жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Бес қабатты жаңа медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету орталығы №25 қалалық емхананың филиалы болып табылады және «Қарасу» мен «Өжет» шағынаудандарының шамамен 20 мың тұрғынына қызмет көрсетеді. Жобалық қуаты – бір ауысымда 200 адам қабылдау. Жаңа ғимаратта төрт бөлімше бар: учаскелік қызмет, мамандандырылған медициналық көмек бөлімі, гинекология, клиникалық-диагностикалық бөлімше. Орталық УДЗ, рентген,

аудиограмма, спирография, кольпоскопия, ЭКГ сияқты заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Жаңа медициналық мекеменің ашылуы №25 және №21 емханалардағы жүктемені азайтуға мүмкіндік береді, әрі тұрғындар қажетті көмекті заманауи және ыңғайлы медициналық мекемеде жылдам ала алады. 2024 жылдың басынан бастап Алматыда үш отбасылық-дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Олар ауысымына 100 адам қабылдайтын «Нұршақан» шағынауданында, бір ауысымда 200 адам қабылдайтын «Мамыр» шағынауданында және ауысымына 200 адам қабылдайтын «Кемел» шағынауданында орналасқан.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

Қайыржан ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық
кеңесінің мүшесі:

МЕГАПОЛИСТІҢ МҮМКІНДІГІ ЗОР



Алматы қаласында қазірдің өзінде сервистік қызметтер жақсы жолға қойылған. Кейінгі 2 жылда бірқатар сервистік қызметтер тағы да қосылды. Нақтырақ айтқанда, «Бақытты отбасы», «Тең қоғам», «Шыңға өрлеу» және т.б. Осындай біршама жобалар

әзірленіп, іске қосылды. Көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналардың балалары сондай орталықтарда тегін үйірмелерге қатысып жүр. Соның ішінде музыка, спорт, түрлі шеберлік өнерлер арқылы өздерін дамытады. Бұл қажет нәрсе.

Сонымен қатар, сервистік полиция моделі іске асуда. Әр 8 ауданда орталықтары ашылған. Мұндағы басты міндет – тәртіп сақшыларына қатысты көзқарасты өзгерту. Бұған дейін полицияның жұмыстары азаматтар үшін жабық әрі беймәлім болатын. Қазіргі таңда олар сервистік полиция арқылы өздерінің ашықтығын көрсетеді. Сонымен бірге, азаматтық қоғаммен жұмыс істеуге әзір екендігін білдіреді. Бұл – біздің азаматтар мен азаматшалар үшін өте пайдалы.

Алматы қаласы мен аймағы туризмді дамытуға аса қолайлы деп есептеймін. Қала маңында таулар, тоғайлар, тарихи орындар, шежірелі ғимараттар, мұралар бар. Осыған қарап туристік әлеуетіміз баршылық деп санаймын. Соны дамытып, жақсартуға әбден болады. Қазірде шетелдік саяхаттаушыларға арналған «фронт-офистер» ашылған. Олар Алматы тарихы, табиғаты және т.б. мағлұматтарды бөліседі. Бұл да жақсы сипаттағы тәжірибе. Бұны одан әрі дамыта беру керек. Әр елден мегаполиске туристік турлар санын көбейтіп, ұйымдастыру керек. Қалалық туризм басқармасы жанынан белгілі бір офистерді ашып, осы істермен шұғылдану қажет. Содан келіп туристік әлеуетіміз жақсарар деп ойлаймын.

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Алматыда 124 азаматқа жалға берілетін пәтер кілті табысталды

Әлеуметтік қызметтер үйі ғимаратында Алматыда үй кезегінде тұрған 124 азаматқа жалға берілетін пәтер кілті табысталды. Баспаналы болу бақытына ие болғандар қатарында жетім балалар, I, II топ мүгедектері, толық емес және көпбалалы отбасы мүшелері, зейнеткерлер мен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар бар.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы жүректері лүпілдеп, пәтер кілтін алуға келген тұрғындарды құттықтап, үйді пайдалану бойынша техникалық қызметке қатысты ережені егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Ол сондай-ақ, берілетін пәтерлердің жай-күйіне тоқталды.

– Қазір тұрғындар келісім-шартқа қол



қойғаннан кейін, үйлерінің кілтін алады. Берілетін пәтерлер дайын тұр. Онда жылу, ыстық-суық су, жарық бәрі қосылған. Кіре беруге, яғни қоныстануға болады. Бірақ тұрғындар уақытша электр плиталарын қолдануға тура келеді. Ал газ пәтер иелеріне 100% қоныстанған соң беріледі, – деді Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

– Бір сағат ерте келіп алдым. 9.00-ден бастап осында отырмын. Көпбалалы ана ретінде 2005 жылдан бері пәтер кезегінде тұрамын. Бұл үйді күткеніме 15 жыл болды. Міне, 74 жасқа келгенде маған осындай баспана бақыты бұйырды. Қуанышымда шек жоқ. Әлі де сене алар емеспін. Қала басшылығына рахмет, – дейді алматылық Айнагүл Еркешова.

Пәтер кілтін алуға келген тұрғындардың арасында дауысы жарқын шығып, көңілді отырған жас келіншекке жақындадық. Өзін Салтанат деп таныстырған ол бұл пәтерді 2014 жылдан бері күтіп жүр екен.

– Бұл қуанышты күткенімізге 10 жыл болыпты. Енді біздің өзіміздің ас бөлмеміз, өзіміздің кір жуатын машинамыз, телевизорымыз болады. Дәл қазір жүрегім жарылардай қуанып тұрмын, кілт алғанда жылап та қалуым мүмкін, – дейді ерекше күтімді қажет ететін баланы тәрбиелеп отырған ана.

Айта кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2024 жылы қаладағы коммуналдық тұрғын үй қорынан 2000 жалдамалы пәтер бөлінген болатын. Бірінші жартыжылдықта Наурызбай мен Медеу аудандарында 1080 отбасы жалдамалы тұрғын үйден пәтер иеленді. Қараша айында тағы 920 алматылыққа кілт табысталып, олар Наурызбай ауданындағы жаңа пәтерлерге қоныстанады.

Мәселен, 1 қарашада пәтер кезегінде тұрған – 201 тұрғын, 5 қарашада – 200 тұрғын, 7 қарашада 175 қала тұрғыны пәтер кілттерін алды. Ал жұма күні, яғни 15 қарашада әлеуметтік осал топқа жататын 124 алматылық қоныс тойын тойлады. Баспаналарыңыз құтты болсын!

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«АЛМАТЫЭЛЕКТРОТРАНС»

АВТОБУСТАР ЕНДІ КЕШІКПЕЙДІ

Алматыны қоғамдық көлікпен қамтамасыз етіп отырған компаниялардың бірі – «Алматыэлектротранс» ЖШС-і автобустардың техникалық қызмет көрсетуіне байланысты жаңа пилоттық жобаны іске асыруда.



Досбол
АТАЖАН

кезегінде автобустар алынған жабдықтардың сапалы болуына кепіл бермейді. Сондықтан қоғамдық көліктер тезірек тозып, жиі жөндеу жұмыстары істеледі.

– Тендер өткізу көп уақыт алады. Сондықтан жөндеу жұмыстары тез істеле қоймайды, ол өз кезегінде қалалық бағыттардағы автобустардың жиілігін азайтады.

– Тендер арқылы қажетті жабдықтар алынып, компания өз күшімен жөндеу жұмыстарын істеген кезде бұл жұмыстарға кепілдік берілмейді.

«Алматыэлектротранс» ЖШС бас директорының техникалық сұрақтар бойынша орынбасары Айдар Ешпановтың айтуынша, аутсорсинг арқылы техникалық қызмет көрсету – жоғары білікті мамандарға және заманауи әдістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сапалы қосалқы бөлшектердің алынуын қамтамасыз етеді. Оған қоса, аутсорсинг арқылы істелген жұмыстарға кепіл беріледі.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Алматыэлектротранс» автобустарына зауыттың мамандары техникалық және сервистік қызмет көрсетеді. Өндіруші зауыт пен алматылық компания арасында аутсорсингтік қызметке келісім жасалды. «Алматыэлектротранс» мәліметінше, пилоттық жобаның қолға алынуына келесі себептер негіз болған:

– Мемлекеттік сатып алу жүйесі базасы ең төмен қызметті не жабдықты қабылдайды. Бұл өз

«ADAL URPAQ» ЖОБАСЫ

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматы қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында ұйымдастырылған «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» және «Ақылды болашақ» әссе байқауларының жеңімпаздары мен белсенді қатысушыларын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Бұл іс-шара Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының «Adal urpaq» жобасы аясында «Ақпараттық ресурстық орталық» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен, сондай-ақ Алматы қаласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп өткізілді.

Марапаттау рәсіміне ҮЕҰ өкілдері, мәслихат депутаттары, Алматы қаласының қоғамдық кеңесінің мүшелері және байқау жеңімпаздары мен белсенділері қатысты. Қатысушылардың шығармашылық еңбектері мен белсенділігі жоғары бағаланған іс-шарада мәслихат депутаты, Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің төрағасы Алтынай Көбеева өз құттықтау сөзінде:

«Біз бүгін «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы» байқауының жеңімпаздарын және қатысушыларын марапаттау үшін жиналып отырмыз.



Сіздер өздеріңіздің шығармашылық қабілеттеріңізді көрсетіп, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға қаншалықты зиян екенін ерекше ашып көрсеттіңіздер. Барлық қатысушыларға алғыс білдіремін. Бұл жеңіс сіздердің жаңа белестерге жетулеріңізге көмектеседі деп сенемін», – деп атап өтті.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстандағы күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Біздің қоғамымызда сыбайлас жемқорлыққа орын болмауы керек. Қоғамның барлық күш-жігерін жинап, біріктіріп, осы дерттің ары қарай ұшықтауы үшін, бұл жағдайды барынша тоқтату үшін барлық амалдарды қолдану еліміздегі әрбір азаматтың азаматтық борышы деп білемін. Осы орайда іс-шараға келген Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек те бұл тақырыпқа орай ойын айтып:

«Adal urpaq» жобасы бірнеше жылдан бері өзінің қоғамға пайдасы

мен маңыздылығын дәлелдеп келеді. Биылдың өзінде жоба аясында 15 ірі іс-шара өткізілді. Бүгін осы іс-шаралардың бірі – «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» байқауының нәтижелерін көріп отырмыз. Студенттердің бейнероликтері мен әсселері олардың білімділігі мен қоғамға бейжай қарамайтындығын көрсетті. Болашақта қатысушылар саны одан ары арта беретініне сенімдімін», – деді.

Сонымен қатар, «Парасатты ұрпақ үшін» қоғамдық қорының басшысы Марат Қалимолдин де қатысушыларды құттықтап, болашаққа сәттілік тіледі.

Құттықтаулар аяқталған сәттен қатысушылардың дайындаған бейнероликтері көрсетіліп, «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» байқауының жеңімпаздары мен белсенді қатысушылары арнайы дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар, «Ақылды болашақ» әссе байқауының үздік авторлары да құрметке ие болып, өз марапаттарын алды.

Бұл іс-шара жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, олардың азаматтық белсенділігін арттыру және қоғам игілігі үшін еңбек етуге ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды. Жастардың шығармашылық жұмыстары қоғам үшін маңызды мәселелерге назар аудартып, олардың өз позициясын ашық білдіруге мүмкіндік берді. Осындай бастамалар жастардың әлеуетін дамытуға және олардың қоғамдағы рөлін нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы ұйымдастырылып, онда қала аумағын абаттандыру, көгалдандыру, көшелерді тазарту секілді тазалық шаралары өткені баршаңызға мәлім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында қолға алынған игі бастаманы алматылықтар да қуана қабылдап, қала тазалығына әлі де үлес қосып келеді. Экологиялық акцияда қала тұрғындары мен еріктілері өзендерді, саябақтарды, көше бойларын және табиғи аумақтарды тазарту жұмыстарына араласып, қала экологиясын жақсарту үшін ағаш отырғызып жатыр.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

Нұргүл ҚОЙШЫБЕКОВА,
Алмалы ауданының тұрғыны:

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ»

Алматыда көктемнен бастап жаз бойы экологиялық түрлі іс-шаралар өтті. Өз басым солардың бірнешеуіне ерікті ретінде қатыстым. Біздің қала – шетелдік қонақтар қызыға қарайтын сұлу қала ғой. Сондықтан бұл жұмақ мекенді үлкеніміз де, кішіміз де таза ұстауға міндеттіміз. Әркімге өзі өмір сүретін, тұратын жері қымбат! Мен үшін Алматыға жетегін жер жоқ. Алматы жыл өткен сайын жасарып, күн өткен сайын құлпырып келеді. Жазда тіпті керемет! Жасыл желегі мен қызыл-жасыл гүлдері жайқалғанда, Алматы ажарлана түседі. Әрине, мұның барлығы тынымсыз еңбекті, үздіксіз тазалықты талап етеді. Біз танертең жұмысқа келе жатқанда сары түсті күртеше киіп, қолдарына сыпыртқы, күрек ұстаған тазалықшыларды күнде көреміз. Бірақ біз олардың жұмысын әлі де бағалай алмай келеміз. Шындап келгенде, Алматымыздың тап-таза болып тұрғаны таңмен таласа оянып, іске кірісетін сол жандардың еңбегі!

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

«БІЗ КҮТКЕННЕН ДЕ КЕРЕМЕТ!»

М.Ганди саябағына күн сайын шамамен
екі мыңнан астам адам келеді

Алматыдағы Махатма Ганди саябағы жөндеуден кейін адам танымастай өзгеріп сала берді. Бүтінде саябақ маңайда тұратын алматылықтардың, әсіресе, зейнеткерлер мен жас аналардың, сонымен қатар студенттердің сүйікті демалыс орнына айналған.

Алмалы ауданы әкімдігінің хабарлауынша, өткен жылы Ганди атындағы саябақта қайта жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жаяу жүргіншілер аймағының бойында ыңғайлы демалу үшін орындықтар мен эткеншектер, орындықтар қойылған. Әуесқойлар үшін шатыр астындағы тренажерлар бар. Ол жерде кез келген ауа райында спортпен айналысуға болады. Теннис, шахмат секілді үстел ойындарын ұнататын тұрғындарға стильді жаңа жарықтандырылған үйшіктер бар. Ыңғайлы жүгіру жолдары, жаяу жүргіншілер жолдары кеңейтіліп, барлығына асфальт төселді. Жауаптылар кішкентай балаларды да ұмытпаған. Олар үшін арнайы Ойын алаңы салынған. Одан кейін саябақтың ортасында М.Ганди ескерткішінің жанындағы брусчатка толығымен ауысты. Тұрғындардың айтуларынша, саябақта жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін, мұнда демалуға келушілердің саны арта түскен. Бүгінде паркке күн сайын шамамен екі мыңнан астам адам келетін көрінеді.

Айта кетейік, М.Ганди атындағы саябағын абаттандыру жұмыстары бір ай ішінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүргізілді. Жаңғырту жұмыстарына жергілікті бюджеттен 200 млн теңге қаражат бөлінген.

Жаңарған демалыс аймағын көруге барған тілшілердің назарына эткеншектің



АЛМАТЫ – ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ

Қала тұрғындары қоршаған ортаны сақтауға,

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

«ТАЗАЛЫҚТЫ БАРЛЫҒЫ БАҚЫЛАЙДЫ»

Жыл бойы өтіп жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Алматының Наурызбай ауданында көптеген жұмыстар атқарылып келеді.

Атап айтқанда, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы және «Жасыл аула» бастамасы аясында «Алем City-3» тұрғын үй кешенінде 400 компенсациялық ағаш отырғызылды. Бұл шара аудан аумағын көгалдандыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға және жайлы әрі жасыл қалалық орта қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, «Шұғыла» тұрғын үй кешенінде сенбілік ұйымдастырылып, оның аясында шөп шабу, қоқыс жинау, тротуарлар мен жолдарды сыпырып, жуу, сондай-ақ құрылыс жұмыстарынан кейін қалған тастарды шығару жұмыстары атқарылды.

Сондай-ақ, Наурызбай ауданы «Тазалықты барлығы бақылайды» челленджін Түркіб ауданы кәсіпкерлерінен қабылдап, аудан аумағында сенбілік ұйымдастырды. Аудан аумағын тазалау бойынша нәтижелі жұмыстан кейін эстафета Бостандық ауданына жолданды. Ал өткен күндері «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы мен «Жарқын күз» экокциясы аясында «Ақжар» шағынауданында жергілікті сенбілік өтті. Оған барлығы 12 жұмысшы мен 3 арнайы техника жұмылдырылды.

Жаз кезінде «Алматы – бәріміздің ортақ үйіміз» экологиялық науқаны аясында Наурызбай ауданында жиі сенбіліктер өт-

кен болатын. Шілде айында өткен ауқымды сенбіліктердің біріне 170 адам қатысып, Сақ қорғандары саябағын қоса алғанда, 4 гектар аумаққа 200 ағаш отырғызылды. Барлығы аудан бойынша бүгінге дейін 5000 ағаш отырғызылса, оның 4000-ы өтемдік, ал 1000-ы бастамашылдық негізде болды.

Сонымен қатар, «Барлық» базарының алдында бұрын бос жатқан аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізіле бастады. «Мұнда бей-берекет сауданың алдын алу үшін қоршаулар орнатылып, ағаштар мен бұталар отырғызылады, және автоматтандырылған суару жүйесі орнатылады», – деп жазды әлеуметтік желіде Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева.

Айта кеткен жөн, Наурызбай ауданында қоқыс алаңдары мен жәшіктерді жуу және залалсыздандыру жұмыстары апта сайын жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстар санитарлық жағдайды жақсартуға және қоғамдық орындарда тазалықты сақтауға бағытталған. Бекітілген кесте бойынша қоқыс алаңдары аптасына бір рет жуылады. Алайда, жазды күні тазалау жиілігі 2-3 ретке дейін артты. Мұндай шаралар жағымсыз иіс пен ластанудың алдын алуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта аудан әкімдігі қыс кезіндегі тазалыққа да дайын екенін хабарлады. Әкімдік мәліметінше, аудан аумағын қардан тазалау жұмыстарына үш мердігер ұйым жауапты. Қажетті материалдар, соның ішінде 8000 тонна құм мен тұз, арнайы техникалар алынған. Ал өткен күндері қарлы ауа райы кезінде тазалау жұмыстарына 38 бірлік арнайы техника және 36 жол жұмысшысы жұмылдырылып, 137 тонна қоспа және 32 тонна тұз пайдаланылды.





(Сурет: Алматы қаласы музейлер бірлестігі).

МЕЗГІЛІНДЕ ДЕ КӨРКЕМ

шаһарды көріктендіруге белсене араласты



ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР

маңайы абаттандырылды

Алматы маңындағы Боралдай сақ қорғандары аумағында «Таза Қазақстан», «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқандары аясында арнайы сенбіліктер өтіп, жалпы саны 1000 ағаш отырғызылды. Ауқымды іс-шарадан тарихи-мәдени ескерткіштердің қызметкерлері де тыс қалған жоқ. Мәселен, Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты Боралдай сақ қорғандары саябағының маңында «Таза Қазақстан» науқаны аясында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, мыңға жуық ағаш көшеті отырғызылды.

Боралдай сақ қорғандары кешені – Алматы қаласындағы маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген археологиялық ескерткіш.

Жалпы, қала аумағында мемлекеттің қорғауына алынған 161 ескерткіш бар. Соның бірі әрі бірегейі – «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркі. Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қарамағына кіреді, көлемі 430 гектар жерді алып жатыр.

Саябақ аумағында 47 сақ қорғаны мен 200 үйсін қорымы орналасқан. Шамамен біздің заманымызға дейінгі V-II ғасырға тиесілі.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Құдайбергенқызының айтуынша, тарихи жәдігерлерді сақтау, қорғау аса маңызды. Сондықтан жасыл желектерді көгалдандыру, гүлзарлар мен ағаш отырғызу жұмысын жүргізу дәстүрге айналған.

«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық саябағында тазалау жұмыстары жүргізілді.



Алматы қаласында Тұрғыт Озал көшесінен Байзақов көшесіне дейінгі аралықтағы аллея жана кейіпке енді. Абаттандыру жұмыстары аяқталып, қала тұрғындары мен қонақтарына заманауи әрі жайлы демалыс орны құрылды. Бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, азаматтардың белсенділігі мен билік қолдауының үйлесімі қала өмірін жақсарту алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

ХАЛЫҚТЫҢ ДАУЫСЫ – ҚАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Жобаға жетекшілік еткен сәулетші Владислав Филатовтың айтуынша, азаматтардың белсенділігі сапалы әрі қолайлы қалалық ортаны құруға ықпал етеді.

– «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы әр тұрғынға өз идеясын жүзеге асырып, қаланы жақсартуға үлес қосуға мүмкіндік береді. Мұндай жобалардың арқасында тұрғындардың ұсыныстары шынайы нәтижеге айналып жатқанын көреміз, – дейді сәулетші.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АЛМАТЫНЫҢ ЖАСЫЛ ҚОРЫН САҚТАУ

экологиялық жағдайды жақсартуға және қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді

Алматыда «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясындағы күзгі көгалдандыру науқаны белсенді түрде жалғасуда. Қазіргі уақытта қалада 150 мыңнан астам көшет отырғызылды, ал маусымның соңына дейін тағы 132 мың ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Отырғызу жұмыстары негізінен жасыл желектер саны жеткіліксіз аудандарда және тиімді суару инфрақұрылымы бар жерлерде жүргізілуде. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – жасыл желектердің тіршілік ету деңгейін арттыру ғана емес, сонымен қатар Алматының жасыл қорын сақтау және кеңейту, бұл экологиялық жағдайды жақсартуға және қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Көшеттердің тіршілік ету деңгейін арттыру және ғылыми ұсыныстар алу мақсатында арнайы ұйымдармен бірлескен жұмыс қолға алынды: Қазақстанның Бас ботаникалық бағы мен Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ бар. Ғылыми ұсыныстарға сәйкес, күзгі-қысқы кезеңде көшеттерді тек жабық топырақпен отырғызу қажет, ал аязды температура кезінде отырғызу орындарына тасымалданған топырақ қолданылуға тиіс. «Отырғызу кезінде көшеттердің ең төменгі температурасы: жапырақты ағаштар үшін

–8°C дейін, ал қылқан жапырақты ағаштар үшін –15°C дейін болуы керек», – деді Жазкен Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ Орман және жасыл желектерді қорғау секторының жетекшісі Нұржан Мұхамедиев.

2023 жылы енгізілген жаңа көгалдандыру ережесі Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша іске қосылды. Ереже бойынша енді отырғызылған ағаштарға үш жыл бойы күтім жасау міндетті болып табылады, бұл ағаштардың қала жағдайына бейімделуін тиімдірек етеді. Сондай-ақ, отырғызу мате-

ЖАҢА АЛЛЕЯ:

Тұрғындар идеясы шынайы өмірге айналды!

ҚАЛАҒА ЖАҢА ТЫНЫС БЕРЕДІ

Абаттандыру жұмыстары аясында 7810 м² жаңа тас төсеніш төселді; 4882 метр жиектас орнатылды; ал 10 800 метрлік су құбыры жасыл желектерді суғаруға

мүмкіндік береді; 21 000 м² аумаққа көгал егілді, 2500 бұта отырғызылды; 110 коқыс жәшігі мен 150 жарық тіректері орнатылды. Сондай-ақ, демалушыларға арналған орындықтар мен әткеншектер орнатылды.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

АЛМАТЫЛЫҚТАР ДӘН РИЗА

Жаңартылған аллеяға тұрғындар да дән риза. Олар мұнда тек серуендеп қана қоймай, спортпен айналысып, балаларымен бірге уақыт өткізе алады.

– Аллея өте жайлы және қауіпсіз болды. Әсіресе, әткеншектер мен орындықтар қалаға ерекше жылылық сыйлайды, – дейді қала тұрғыны Серік Ержанов.

Алматы әкімдігіне алғысын жеткізген Айжан Қасымова жаңа орынның отбасылық демалыс үшін таптырмас мекенге айналғанын айтты.

– Балаларыммен бірге мұнда жиі келеміз. Енді олар ойып жатқанда, мен де жайлы отырып демала аламын. Мұндай орындардың көбеюі қуантады, – деді ол.

Алматыдағы жаңартылған аллея – тек жайлы демалыс орны ғана емес, сонымен бірге тұрғындардың белсенділігінің айқын нәтижесі. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқасында қала тұрғындары өз идеяларының жүзеге асуына куә болып, сүйікті қаласын одан әрі жақсартуға көмек бере алады.

риалдарына қатаң талаптар қойылды: жапырақты көшеттердің биіктігі кемінде 2,5-3 метр, ал қылқан жапырақты көшеттердің биіктігі 2 метрден кем болмауға тиіс. Сонымен қатар, отырғызу кезінде топырақтың сақталуын қамтамасыз ету ағаштардың тіршілік ету деңгейін айтарлықтай жақсартады.

Алматының құрғақ климат жағдайында тиімді суару жүйесін құруға ерекше назар аударылады. Осы мақсатта 2024 жылы 11 қосымша ұңғыма қазылып, 110 шақырым тамшылатып суару жүйесі орнатылды, бұл 220 мыңнан астам жаңа ағашты суаруға мүмкіндік береді. Бұған қоса, аудан әкімдіктері 58 учаскеде жалпы ұзындығы 187 шақырым болатын автосуару жүйелерін орнатты, бұл суды тиімді пайдаланып, әсіресе жаз айларында суаруды оңтайландырады.

Әзірлегендер
ТІЛШІЛЕР ТОБЫ –
Қ.ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Д.АТАЖАН, Г.СЕМБАЕВА.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

КОЛЛАГЕН

өнімін кәдімгі мал сүйегінен алған қазақ бабам неткен кемеңгер

Әлеуметтік желіні байқасаңыз, бүгінде әнші-актерлардың біразы отандық өнім деп «Коллагенді» жарнамалап жүр. Қызығушылығым оянып, мен де сілтемесін басып, кіріп көрдім. Дерек бір қыз хабарласты. Бәрін рет-ретімен айтып түсіндіріп жатыр.

Беттегі әжімдеріңіз азайып, қара дақтар кетіп, жүзіңізді ағартады. Буын ауруларына, аяқ-қол сырқырап, қақсағанға жақсы. Дәрумендерге өте бай. Түсінгенім осы. Бірнеше капсуласын сатып алып, алты ай немесе бір жыл ішесіз.

«Коллагенді» ішкендер, ішіп жүргендер бар ма екен, кеңестеріңіз керек?» деп дереу Facebook парақшама сауал тастаған едім. Пікірлер төмендегідей...

Ләззат Тұрмағанбетова:
– Үйде әр ет асқанда қалған сүйектерді 17–19 сағаттай жай отта қайнатыңыз. Суын біз жакта ақ сорпа дейді. Соны мұздатып қойып, шетінен бір-екі ас қасығын алып, сәл жылытып күніне бір рет ішіңіз. Міне, сізге коллаген! Қазір сүйек сорпасын контейнерлерге салып, қатырып, сатып бизнес жасап отырғандар көп. Нағыз табиғи нәрсе ғой. Балаларға да керек нәрсе. Өзім солай тұтынамын.

Әлия Қасымхан:
– Ләззат, айтқаныңыз жақсы болды ғой, енді сүйектерді жинай берейін.

Айнаш Есали:
– Дірілдек (холодец) жасап қойсаңыз да болады, нағыз коллаген сол. «Коллаген» соншалықты қымбат тұрмайды. Балықтан, ірі қара малдың сүйегінен, өсімдіктен алынған коллаген түрлері бар. Жақсы коллагенді Стамбұлдан 400–450 түрік лирасына алуға болады екен. Арзаны да табылады. Бізде де неше атасы толып тұр.

Раушан Қалмоынұлы:
– Тамақтан қалған сүйекті әбден құрғатып үгітсеңіз, ең мықты коллаген! Әжем жарықтық диірменнен ұн сияқты өткізіп ішуші еді. 80-нен асқанша жұмыс істеп жүрді.

Айнакез Ақмолданаова:
– Апаларымыз 80–90 жасап, ақсандамай-ақ өтті өмірден. Қыс бойғы соғымның сүйегін жинап, көктемде қайнататын. Соны білген сол кісілер кемеңгер неткен! Кезінде тоңазытқыш жоқ, сорпа қылып сақтамай, бетіне қатқан майын сақтаған екен. Сосын сол майға су қосып сорпа қылып ішкен.

Меруерт Тас:
– Холодец қой ең бай коллаген. Сіңір жеңіз қайнатып. Ауырмайық, достар!

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Елімізде балалардың күрделі көз ауруларын емдеу әдістері қарқынды түрде жетілдіріліп келеді. Соның бір дәлелі – Алматы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығының көз микрохирургиясы бөлімшесі күрделі витреоретиналды патологияларға ота жасай бастайды.

Орталық Constellation Vision деген заманауи лазерлік хирургиялық аппаратқа қол жеткізді. Бұл жобаны «AYALA» қайырымдылық қоры «Шеврон» компаниясының қолдауымен жүзеге асырды.

Витреоретиналды хирургия жоғары технологияны қажет ететін көз торының және шыны тәрізді дененің ауыр ауруларына арналған оталарды қамтиды.

«Бұған дейін мұндай патологиясы бар балалар квотамен шет елге жіберілетін. Енді олар қажетті көмекті осында, Алматыда ала алады. Кейінгі жылдары елімізде балаларда көз торы мен шыны тәрізді дененің патологиялары көбейіп келеді. Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының көз микрохирургиясы бөлімшесінде біздің кішкентай пациенттер шала туған нәрестелер ретинопатиясы, отбасылық экссудативті витреоретинопатия, Коатс ретиниті сияқты басқа да ауыр көз ауруларын емдеуге арналған оталарды жасата алады. Бұл балалардың денсаулығы мен дамуына оң әсерін тигізеді, ал мұндай озық әдістерді енгізу өскелең ұрпақтың болашағына маңызды үлес болары сөзсіз», – дейді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Назгүл Иманғалиева.

БӘРЕКЕЛДІ!

qMed платформасы қолдау тапты

Алматылық Нұрлан Бейімбеттің жобасы жарап тұр

Быттыр алматылық Нұрлан Бейімбет «Ақпараттық технологиялар» бағыты бойынша «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын жеңіп алған болатын.

Нәтижесінде мемлекеттік қолдаудың арқасында ол пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға және денсаулық сақтаудағы шығындарды азайтуға бағытталған ІТ жобасын жүзеге асыра алды.

Бұл – созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, артериялық гипертензия, қант диабеті

ЕМ ІЗДЕП МҰХИТ АСУДЫҢ КЕРЕГІ ЖОҚ

Мегаполис дәрігерлері күрделі көз ауруларын заманауи лазерлік жүйе көмегімен емдей бастайды



Екі айға толған және одан үлкен балаларға отаны Делиде балалар витреоретиналды хирургиясының танымал маманы, профессор Нихил Пал оқытқан офтальмолог-хирургтар жасайтын болады.

Ресми дерек көзіне сүйенсек, биылғы қаңтар-қазан айлары аралығында қазақстандық 57 бала витреоретиналды ота жасау үшін шет елге шығуға мәжбүр болды. Енді ата-

аналар бұдан былай шет елде ота жасату үшін қаражат іздемейтін болады.

Constellation Vision офтальмологиялық жүйесі көздің алдыңғы және артқы сегменттерінде шыны тәрізді денені кесу, көз жанарын эмульсификациялау, диатермия және басқа процедураларды қоса алғанда, витреоретиналды және лазерлік оталарды жасауға мүмкіндік беретін бірегей аппарат.

МАМАН КЕҢЕСІ

МОПЕДПЕН АПАТҚА ҰШЫРАҒАН

жасөспірімге жеті ота жасалды

Алматының №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының реаниматолог-дәрігері Гүлбану Бердиярова атаналар мен жасөспірімдерге шұғыл үндеу жолдайды. Мопедпен жүру ережелерін толыққанды білмей жатып тізгіндеуге болмайды дейді маман.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітімге көбіне 15–29 жас аралығындағы жастар себепкер көрінеді. Дәлірек айтсақ, жылына 1,3 миллионнан астам адамның өмірі жол үстінде қиылады. Бұл санның едәуір бөлігі мотоцикл мен мопед мінгендердің үлесінде екендігі де жасырын емес. Гүлбану Бердиярованың айтуынша, мұндай тосын апаттар адам ғұмырын үзіп қана қоймай, жастардың және олардың жақындарының өмірін түбегейлі өзгертетін ауыр жарақаттарға әкеледі.

Дәрігер мопедімен бірге аударылып түскен 17 жастағы науқас туралы айтып берді. Жасөспірімнің екі жағынан да жамбас сүйектері (лонно-седаьдық, мықын сүйектері) сынған. Сондай-ақ, «беломыртқасының жабық қысу-сынуы, беломыртқасының бес артқы доғасы; оң жақтағы иықтың сынуы; іш мүшелерінің көгеруі; мембраналық бөліктегі несепағардың зақымдануы; уретраның жарақаттан кейінгі жыртылуы; 3-дәрежелі травматикалық шок, 2-дәрежелі постгеморрагиялық шок» деген диагноз қойылған.

Науқастың өмірін сақтау үшін дәрігерлер үш ота жасады. Жасөспірімнің беті екі айдан кейін ғана бері қарады. Бүгінгі күні жағдайы тұрақты. Ол екі жамбас буындарының дамыған контрактураларына және жамбас сүйектерінің шоғырланған бірнеше сынуына байланысты оңалтуды жалғастыруда. Науқасты уретраның жарылуына байланысты қуықтың тұтастығын қалпына келтіру үшін әлі де кезеңдік оталар күтіп тұр.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕБА.

МӘМС

ЖАНСЫЗ АЯҚҚА ЖАН БІТТІ

Қаланың нейрохирургтері сал ауруына шалдыққан науқасты аяққа тұрғызды

Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасына аяғы сал болып, сезімталдығы мүлдем жоқ, жамбас мүшелерінің қызметі бұзылған ауыр диагнозы бар науқас түсті. Нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Марат Алматовтың айтуынша, ер адам бір айдан астам уақыт бойы қозғалыссыз болған және ұзақ уақыт медициналық көмекке жүтінбеген.

Сал ауруы айқын болған кезде ғана ол Жаркент қаласында (Алматы облысы) тексеруден өткен. Онда дәрігерлер 11 және 12-ші кеуде омыртқасы деңгейінде ісік тауып, науқасты жоғары технологиялық ота жасау үшін Алматыға жіберген.

«Жұлын үшін 3/2 см ісік – айтарлықтай қауіп төндіретін қомақты түзілім. Ол маңызды жүйке құрылымдарына әсер етіп, ауыр зардапқа әкелуі мүмкін», – деп түсіндірді жағдайды Марат Алматов.

Күрделі ота кезінде нейрохирургтер нақты уақыт режимінде жүйке құрылымының тұтастығын бақылауға мүмкіндік беретін интраоперативтік мониторингті қолдана отырып, ісікті толығымен алып тастады. Негізгі қиындық ісіктің молынан тамырланғандығынан туындаған. Ал бұл өз кезегінде қан жоғалтуға әкелген. Бірақ дәрігерлер жағдайды тұрақтандырып, отаны сәтті аяқтады. Операциядан кейінгі үшінші күні науқастың аяғына жан бітіп, бір аптадан кейін ол ақырын қозғала бастаған.

Құны шамамен 5 миллион теңгені құрайтын ота науқасқа МӘМС шеңберінде тегін жасалған.





БӘРЕКЕЛДІ!

«АБАЙДЫҢ» 155 КІТАБЫ

немесе Bookstagram да руханиятқа
қызмет етуді көздейді

Быттыр Алматыдағы «Абай» баспасынан шыққан 35 кітаптың тұсаукесері өткенде баспа ұжымының «алдағы 2024 жылы қазақтың көркем әдебиет туындыларын 100 томдыққа жеткіземіз» деген уәдесі бар-тын. Биыл баспа өкілдері сол уәде үдесінен шығып, бірақ 100 емес, 155 кітап басып шығарды.



Бұл – бұрын-соңды баспалар тарихында болмаған үлкен оқиға. Қазақ руханиятына қосылған үлкен олжа! Баспадан қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушыларының шығармаларынан жасақталған бірегей туындылармен қатар, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалар да жарық көрген. Баспа тек қана көркем әдебиет саласында ғана емес, ғылымға да көңіл бөле отырып, оңайлықпен қолға түсе бермейтін, іздегенге таптырмас академиялық зерттеу еңбектерімен толыға түскен.

Сондай-ақ, көркем әдеби кітаптардан бөлек, биыл діни-рухани бағыттағы, тарих саласындағы, салт-дәстүр, ауыз әдебиетінің жауһарлары жарық көріп отыр. Олар: «Ұлы тарих және Ұлы әулиелер», «Ұлы дала тарихы», «Тараз –

өркениеттер өрімдерінің куәгері», «Қарахан баба мен Айша бибі», «Алтыбармақ», «Тұрмыс салт жырлары», «Батырлық жыр дастандар», «Лиро-эпостық жырлар», «Тұрмыс салт ертегілері», «Аңыз-әңгімелер», «Қиял-ғажайып ертегілер», «Ауыз әдебиетінің шағын түрлері», «Хайуанаттар туралы ертегілер» және тағы басқалар.

«Абай» баспасынан жарық көрген көркем әдебиет кітаптарының көшін Дулат Бабатайұлы, хакім Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бастап, Мұхтар Әуезов, Алашорда қайраткерлерінің шығармалары мен Кеңес Одағы заманының әйгілі қаламгерлері жалғастырып отыр. Сонымен қатар, баспа оқырманның сөресін Тәуелсіз Қазақстанның көрнекті жазушылары мен белгілі жас авторлардың



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақберен ЕЛГЕЗЕК, «Абай» баспасының директоры:

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА»

Әр компанияның, әр мекеменің өз стратегиясы, нарықтағы саясаты болады. Ал біздің негізгі ұстанымымыз – «Пайда ойлама, ар ойла». Яғни баспаға бизнес көзі деп емес, ағартушы ретінде қараймыз. Сондықтан авторларды қатаң іріктеуден өткіземіз. Осы орайда бізге сенім білдірген авторларға алғыс айтамын. Біз қаламгерлердің кітаптарын өз қаражатымызға басып, нарыққа шығарып, сол арқылы тапқан табысымыздың едәуір бөлігін ақын-жазушыларға қаламақы ретінде береміз. Биылдың өзінде алтысқа жуық авторымыз қаламақы алды. Келешекте қаламақы төленетін басқа да көздерді табуға ниеттіміз. Мәселен, бүгін таныстырылған Bookstagram мобильді қосымшамыз осы мақсатта кәдемізге жарайды деп сенеміз. Сол арқылы жазушыны өзінің жазу үстеліне қайтарғымыз келеді. Ол өзінің талантын, өзіне берілген зор миссияны табиғатына тән кәдімгі жазу үстелінде отырып орындауы керек. Руханиятымыз сонда дамиды деп ойлаймын. Алдағы уақытта қаламгерлерге жаңа шығармалар жаздырамыз деген де ниетіміз бар. Келесі жылы екі жүзден аса кітап шығаруды көздеп отырмыз.



шығармаларымен толықтырды. 155 кітап та әлемдік сұранысқа сай, заманауи үлгіде, бояуы қанық дизайнды жарық көрді.

Бақандай 155 кітаптың лентасы қиылған рухани кеште «Абай» баспасының Bookstagram мобильді қосымшасы да таныстырылды. Қаламгер қауымды елең еткізген бұл тың жобаның ерекшелігі көп секілді. Бүгінде үлкен де, кіші де ұзақты күн алақандай телефонға үңіліп отыратыны белгілі. Сондықтан ұлттың интеллектуалдық, рухани әлеуетін көтеруді, кітапқұмар оқырман санын көбейтуді көздеген «Абай» өзінен басылып шыққан барлық кітапты осы Bookstagram-ға жүктеп қоймақ. Ал үйде отырған немесе түзде жүрген адам кез келген уақытта қалаған туындысын онлайн оқи береді. Bookstagram мобильді қосымшасының жұмыс

істеу тетіктері де қарапайым. Тіпті, оқырман бұл қосымшаға өзі туралы мәліметтерді де, ұнаған кітабы туралы пікірін де, алдағы уақытта қандай тақырыпты, қандай жанрды оқығысы келетінін де жазып қоя алады. Сонда Bookstagram цифрлық кітаптар платформасы арқылы баспа, автор және оқырман үштігі бір-бірімен тығыз байланыста болады деген сөз.

Кітаптардың таныстырылымында Мұхтар Шаханов, Смағұл Елубай, Темірғали Көпбаев, Рақымғали Құл-Мұхаммед, Әділ Қойтанов, Шыңғыс Мұқан сынды елге белгілі азаматтар сөз сөйлеп, ұлт руханиятына қызмет етіп жүрген баспа жұмысына сәттілік тіледі. Ал қаламгер қауым кітапқа құндақталған туындысын қолына алып, маркайып, қуанысып, естелік суретке түсіп жатты.

ӨНЕР

Мегполистері Мемлекеттік орталық музей Қазақстанның «Asia Doll» қуыршақ шеберлерінің шығармашылық одағымен бірлесіп, авторлық қуыршақтар мен Тедди қонжықтарының халықаралық көрмесін ашты. Онда әртүрлі техникада орындалған 100-ге жуық авторлық жұмыс ұсынылды.



(Суретті түсірген автор).

ӘЖЕ мен НЕМЕРЕ

100-ге жуық қуыршаққа жан біткен «Asia Doll»
көрмесінен орын алды

Көрменің ашылу салтанатында Алматының белгілі суретшілері, галеристері бой көрсетті. Биылғы көрмеге Алматы, Өскемен, Риддер, Көкшетау, Тараз, Павлодар, Астана, Семей, Орал, Алтай (Қазақстан), Бішкек (Қырғызстан), Ташкент (Өзбекстан) қалаларынан 50-ден астам шебер қатысты. Олар өнерді сүйетін көрермендерінің назарына полимерлі саздан, матадан және киізден жасалған сан алуан авторлық қуыршақтарын ұсынды. Көрме қуыршақ жасау өнерінің заманауи бағыттары мен ерекшеліктерін паш етіп, Қазақстан мен ТМД елдерінің қуыршақ жасайтын шеберлерінің коллекцияларымен және жұмыстарымен таныстырды.

Көрме аясында «Жібек жолының алтын ғасыры» ұзақ мерзімді жобасы ұсынылды. Онда Жібек жолы бойындағы елдердің таңғажайып кейіпкерлері, этникалық киімдері, жануарлары мен адамдарының бейнелерін көрсететін авторлық шығармалары ерекше ықыласқа бөленді. Көрмені ұйымдастырушы, Қазақстан «Asia Doll» қуыршақ шеберлері шығармашылық одағының жетекшісі Татьяна Семёнова «Жібек жолы» жобасы ұлттық тақырыптағы туындыларды қамтитынын атап өтті. «Шеберлер адамдардың жібек маталар, бағалы тастар болған сонау кезеңде қалай киінгенін, ол тұста да талғамның жоғары болғанын көрсетуге тырысты. Әр қуыршақ бейнесі тарихпен байланысты, әрқайсысы терең зерттелген», – деді ол.

Иә, көрме төрінен орын алған қуыршақтар сартылдаған станоктан жасалып шыққан бір-

біріне ұқсас туындылар емес, олар шеберлердің көз майын тауыса отырып, бірнеше ай бойы жасаған бейнелері. Бір данамен ғана шыққан әр қуыршақтың жасалу техникасы да, тақырыбы да бөлек. Мәселен, бір қуыршақ шаттаным тұрса, екіншісінің көзінде мұң бар. Үшіншісі бұзықтау, ал төртіншісі еркелеу. Шеберлердің жұмысында көркемдік пен техника ерекше үйлесім тапқан. Яғни, әр қуыршақта адамның хәм шебердің

жаны бар. Ал бізге ақ жаулықты әжесінің жып-жылы арқасында маужырап ұйқы қысып келе жатқан немере әдемі әсер қалдырды.

Көрменің мақсаты – алматылықтарға және қала қонақтарына еліміздегі дарынды шеберлерді таныстыру. Қуыршақ шеберлерінің көз майын тауысып өмірге әкелген туындылары көруге тұрарлық. Келіңіздер, әдемілікті бірге тамашалайық!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рашида ХАРИПОВА,
ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директоры:

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН СЫР ШЕРТЕДІ

Бұрынғылар бүгінгідей түрлі қызылды-жасылды әшекей бұйымдар болмаған заманда қуыршақты қолдан тігіп, ішін шөппен, матамен толтырып, көзін жіптен тігіп, ағаштан да жонып жасап, баласын қуантуға, ойнатуға, ой-өрісін дамытуға ұмтылған. Бірде бір психологпен тілдесіп қалғаным бар. Құрбысының бес жасар қызы мүлдем сөйлемейді екен. Содан танысына баласының ең сүйікті қуыршағымен ара-қатынасына мән беруге кеңес айтады. Бүлдіршін күні-түні сол қуыршағымен бірге болып, бірге ұйықтап, бірге оянып, бірге тамақтанып, былдырлап сөйлесуді әдетке айналдырғанының нәтижесінде тілі шығады. Демек, қуыршақ та бізге дос, серік бола алады деген сөз. Қуыршақ ойыншық қана емес, бұл – өнер. Ол мәдениет пен дәстүрлерді жандандыру, сондай-ақ бізге өткен дәуірдің ерекше бейнелерін жеткізу тәсілі десек, қателеспейміз. Мәселен, мына «Томирис» қуыршағынан сол заманның энергетикасын сезінуге болады. Жас ұрпақ тарихи бейнедегі қуыршақ пен оның оқулықтағы тұлғасын салыстыру арқылы тарихымызға деген қызығушылығы оянуы мүмкін. Сондықтан бұл көрмедегі Ұлы Жібек жолы бойында өмір сүрген әртүрлі халықтың кейіпкерлерімен танысуға мүмкіндік беретін «Жібек жолының алтын ғасыры» жобасының бірегейлігін ерекше атап өткім келеді.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ТУРНИР

(Сурет: Алматы қаласы Спорт басқармасынан).

СТУДЕНТТІК САЙЫСТАР
БАСТАЛДЫ

Алматыда қала университеттерінің студенттері арасында 8 желтоқсанға дейін жалғасатын футбол және волейболдан жарыс басталды.

Айтылған сайыстар жастар арасында дене шынықтыру белсенділігін насихаттауға бағытталған. Сондай-ақ, студенттер арасында қоғаммен қарым-қатынас пен командалық рухты нығайтуға маңызды қадам болмақ.

Футболдан Қысқы кубок матчтарын өткізетін негізгі орын-

дар – «Жас Қыран» стадионы мен ЦСКА стадионы, ал волейболдан – ҚазАСТ академиясы мен «Нархоз» университеті.

– Сайыстарға Алматы университетінің студенттерінен құралған үздік командалар қатысып, өздерінің дене дайындығын, командалық жұмысты және спорттық шеберліктерін көрсетті, – дейді жарыс ұйымдастырушылары.

Айта кеткен жөн, осы демалыс күндері футбол командалары арасында 9х9 форматында алғашқы іріктеу кезеңі өтті. Турнир айналымдық жүйе бойынша өткізіліп келеді. Бұл әр командаға әр қарсыласпен ойнауға және финалға шығу үшін барынша күресуге мүмкіндік береді.

БОКС

БОЛАШАҚ ЧЕМПИОНДАР

Алматының Алатау ауданында балалар мен жасөспірімдер арасында бокстан ашық чемпионат өтті.

Демалыс күндері жастар арасында бұқаралық спортты дамыту және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын дәріптеу мақсатында 2007-2018 жылғы балалар мен жасөспірімдер арасында ашық чемпионат болды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



бұқаралық спортты дамыту және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылып отыр. Турнир 2007–2018 жылғы балалар арасында өтіп жатыр. Жас спортшыларымыз мемлекеттік спорттық

және шығармашылық «Damu Bala» жүйесімен дайындалуда. Алатау ауданы бойынша 525 спорттық және шығармашылық үйірмелерде 12600-ден астам бала қатысып, өз өнерлерін шыңдап жүр, – деді Алатау ауданы әкімі аппаратының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Әлімжан Әлжан.

Спорттық іс-шара «Damu Bala» бағдарламасының медиа-жоспарына сәйкес Алатау ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. «Almaty Arena» спорт кешенінің «Арена бокс» залында өткен жарыста былғары қолғап киген 300-ге жуық жас спортшы өнер көрсетті.

– Бұл турнир жастар арасында

Сондай-ақ, жарыстың ашылу салтанатында «Damu Bala» жобасымен қатысып, Абу-Даби қаласында өткен Азия чемпионатында жүлделі орындарға ие болған спортшылар мен бапкерлер аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

– «Damu Bala» арқылы ауданымыздың балалары өздерінің қызығушылықтарына сәйкес үйірмелерде дайындалып үлкен жетістіктерге жетуде.

Солардың бірі, осы – «Арена бокс» шәкірті Айлин Ходжамбердиева Абу-Даби қаласында өткен бокстан Азия чемпионатында чемпион атанды. Ауданымыздың спортшылары республикалық және халықаралық турнирларда жүлделі орындарға ие болып келеді, – Алатау әкімдігінің өкілі.

ХАРБИН – 2025



(Сурет: Қазақстан Хоккей федерациясынан).

ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА
ДАЙЫНДЫҚ

Алматыда Харбин қаласында өтетін ІХ қысқы Азия ойындары аясында шайбалы хоккейден Азия чемпионаты өтті.

Мегаполисте ұйымдастырылған жарыста Қазақстан құрамасы жеңімпаз атанып, қазақ спортшыларының дайындығы жақсы екенін көрсетті.

ІХ қысқы Азия ойындары 2025 жылғы 7–14 ақпан күндері Қытай Халық Республикасының Харбин қаласында өтеді. Жарысқа құрлықтағы 32 елден 1147 спортшы қатысады. Олар спорттың 6 түрінен (11 дисциплина – биатлон, тау шаңғысы, кёрлинг, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шаңғы жарысы, сноуборд, фристайл-акробатика, шайбалы хоккей, ски-альпинизм) 196 медаль жиынтығын сарапқа салады.

«Харбинде өтетін қысқы Азия ойындарына 3 айдан аз уақыт қалды. Бұл біз үшін 2025 жылдағы маңызды кешенді жарыстың бірі болмақ. 1996 жылы үшінші ақ Азиада осы Харбин қаласында өтіп, онда Қазақстан спортшылары 14 алтын, 9 күміс, 8 қола медаль жеңіп алған. Сөйтіп, жалпы командалық есепте 2-орынға ие болдық. Қазақстан

қысқы Азиадаға 1996 жылдан бері тұрақты қатысып келеді. Осы аралықта біздің атлеттер 78 алтын, 62 күміс және 56 қола медаль (барлығы 196) жеңіп алған», – деді ҚР ТСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Азамат Имашев.

Ел құрамасынан Харбиндегі жарысқа спорттың 6 түрінен 139 спортшы (71 ер, 68 әйел) барады. Олар 50 медаль жиынтығына таласады. Атап айтқанда, биатлон – 10 спортшы, кёрлинг – 12 спортшы, конькимен жүгіру спорты – 20 спортшы, мәнерлеп сырғанау – 4 спортшы, шорт-трек – 12 спортшы, шаңғы жарысы – 12 спортшы, шайбалы хоккей (ерлер) – 23 спортшы, шайбалы хоккей (әйелдер) – 23 спортшы, тау шаңғы спорты – 8 спортшы, фристайл-акробатика – 7 спортшы, шаңғы жарысы – 8 спортшы.

Айта кеткен жөн, Қазақстан өз тарихында қысқы Азия ойындарын бір рет қабылдаған. 2011 жылы Астана мен Алматы қаласында өткен кешенді жарыста Ұлттық құрама 32 алтын, 21 күміс және 17 қола жүлдеге ие болып, жалпы есепте алғаш рет 1-орын алған еді.

ФУТБОЛ

ҚАЗАҚСТАН–АВСТРИЯ

Алматыда өткен ойын жеңіліспен аяқталды

Қазақстан Ұлттар лигасы аясындағы екі ойында да жеңіліс тапты. Матчтың бірі – Алматыдағы Орталық стадионда өтсе, екіншісі Норвегияның Осло қаласында болды.

Футболдан Қазақстан құрамасы UEFA Ұлттар лигасының В дивизионындағы бесінші ойынын Австрияға қарсы өткізді. Алматының Орталық стадионында өткен матчта Қазақстан құрамасы Австриядан 0:2 есебімен жеңіліс тапты. Қонақтар сапынан Кристоф Баумгартнер (15-минут) мен Михаэль Грегориш (25-минут) гол соқты. Ойынның 23-минутында Марочкин қызыл қағаз алып, алаңнан қуылды.

Ал екінші матчта қазақстандық ойыншылар Норвегияға қонаққа барып, «Уллевол» стадионында кездесу өткізді. Ойын 5:0 есебімен скандинавиялық команданың пайдасына шешілді. Эрлинг Холанд 23, 37, 71 минуттарда гол соғып, хет-трик авторы атанса, Александер Серлот

(41-минут) пен Антонино Нуса (76-минут) бір-бір голдан соқты.

Айта кеткен жөн, бұған дейін қазақстандық футболшылар өз алаңында Норвегиямен 0:0 есебімен тең түсті. Одан кейін сырт алаңда Словенияға 0:3, Австрияға 0:4, өз алаңында Словенияға 0:1 есебімен жол берді.

ЖАРЫС НӘТИЖЕСІ
БОЙЫНША ТОПТЫҚ КЕСТЕ
КЕЛЕСІДЕЙ:

1. Норвегия – 6 ойын, 4 жеңіс, 1 жеңіліс, 1 тең ойын – 13 ұпай;
2. Австрия – 6 ойын, 3 жеңіс, 1 жеңіліс, 2 тең ойын – 11 ұпай;
3. Словения – 6 ойын, 2 жеңіс, 2 жеңіліс, 2 тең ойын – 8 ұпай;
4. Қазақстан – 6 ойын, 0 жеңіс, 5 жеңіліс, 1 тең ойын – 1 ұпай.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



(Сурет: ҚФФ/ Алексей Сисенбин).



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Түркісіб ауданында мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өтті. Соның нәтижесінде тұрғындар түрлі толғандырған түйткілдеріне жауап алды.



Мүгедектікті мерзімсіз алу, бір емханадан екіншісіне ауысу, үй және т.б. мәселелер айтып келді. Біздер жөн жол сілтеп, кеңес беріп, келушілер мәселесінің шешілуіне атсалысып жүрміз», – деді ол.

Сонымен бірге, жәрмеңкеге келушілер өз ойларын ортаға салды. Күрделенген мәселенің шешілу жолдары қарастырылды.

«Бүгінгі іс-шарадан өзіме керек нәрсені білдім. «Жас қанат» тұрғын үй кешенімен №31 мектеп аралығында арнайы балаларға арналған қоғамдық көлік болса дейміз. №27 автобуска қарбалас кезде жұрт сыймайды. Бұл ойымыз жүзеге асса, жақсы болар еді», – деді қала тұрғыны Жаңагүл Ербазарова.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Алматы қаласында жастар мен жұмыс берушілерді, білім беру мекемелерін бір алаңға біріктірген «CAREER TIME» кәсіптік бағдар фестивалі өтті.



«CAREER TIME» кәсіптік бағдар фестивалі

«Нархоз» университетінде ұйымдастырылған ауқымды іс-шара жастардың кәсіби бағыт-бағдарын анықтауға және еңбек нарығының қажеттіліктерімен танысуға мүмкіндік берді. Фестивальде Алматы қаласының 26 жоғары оқу орны, 30 ірі компания 400 бос жұмыс орнын ұсынды, ал қатысушылардың жалпы саны 2000-нан астам мектеп бітірушісі мен жұмыссыз жастарды құрады. Іс-шара Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Almaty student's week» апталығының аясында ұйымдастырылды.

«CareerTime» – бұл мектеп түлектері мен қала жастары үшін үлкен мүмкіндіктер алаңы. Бұл жерде олар еңбек нарығының жаңа талаптарымен танысып, жоғары

оқу орындары мен жұмыс берушілермен тікелей байланыс орната алады. Мұндай бастамалар жастардың кәсіби өсуіне және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етеді деп сенеміз», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек.

Фестиваль барысында қатысушылар үшін әртүрлі шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Атап айтқанда, IT және цифрлық дағдыларға арналған шеберлік сыныптар мен презентациялар, фитнес пен салауатты өмір салты бойынша шеберлік сыныптары және көркем сурет бойынша шығармашылық аймақтар да болды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

АҚПАРАТТЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛЕТІНІ ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ Азия Даму Банкі (АДБ) мен Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің (ЕКДБ) талаптарына сәйкес 2024 жылдың 25 қарашасында, сағат 11.00-де «Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайындағы 2-ЖЭО «АлЭС» АҚ аумағындағы химиялық цехтың ақт залында (307-каб.) Алматы 2-ЖЭО-ын жаңғырту жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау нәтижелерін жариялау бойынша ақпараттық кездесу өткізілетінін хабарлайды.

Бұл кездесудің мақсаты – мүдделі тараптарға, соның ішінде ықтимал зардап шеккен қауымдастықтарға, жобаның қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға әсері, теріс әсерді азайту бойынша жоспарланған шаралар және шағымдарды қарау механизмі туралы толық ақпарат беру, кері байланыс орнату, жобаға қатысты мәселелерді талқылау.

Ақпараттық кездесу онлайн және офлайн форматта өткізіледі. Онлайн форматта қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өтуге болады: <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZL3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNj1ldz09>.

Конференция идентификаторы: 560 570 4660. Қолжетімділік коды: 7KLe77.

Байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова. Қосымша ақпаратты zarzyukova@ales.kz, электрондық мекенжайы және 8 (727) 254-03-27, 254-03-29 телефондары арқылы алуға болады.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

НАҚТЫ СЕКТОР

Ержан ҚАРАБАЕВ:

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ
КЕШІРМЕЙДІҚоғамдық көлікте
әр адамның тағдыры
жүргізушіге аманат

Қазақта «Еңбектің наны тәтті» деген аталы сөз бар. Нағыз тауып айтылған. Расы сол, кейде қарапайым еңбек адамының еңбегі елене жатады. Алайда, оның қоғам үшін маңызы зор.

Қазір санамызды тұрмыс билеп тұрған заман. Таңның атысы, күннің батысы жұмыстамыз. Әйтпесе, мынау алып мегаполисте жан бағу өте қиын. Ол жағы өз алдына бөлек әңгіме. Жалпы жұрттың үздіксіз пайдаланатыны – қоғамдық көлік. Жолаушыны диттеген жеріне жеткізетін де осы саланың мамандары. Осыған орай, «Алматыэлектротранс» коммуналдық №3 автопарктегі 66-шы бағыттың жетекшісі, автобус жүргізушісі Ержан ҚАРАБАЕВ ПЕН әңгімелескен едік.

«Еңбектің наны тәтті...»

– Жүргізушілікті қалай бастадыңыз?

– Бұрын «Икарус» деген автобус болатын. Бірде жас бала кезімде «Икарус» жүргізушісі еңселі, шашына ақ түскен, денесін түк басқан, үстіне қою-қызғылт жейде кейіп, көкірек тұсын ашып қойған ер адамды көрдім. Ұлты грек болар. Ол басымнан сипап, «жүргізуші боласың ба?» деп бір бума ақшадан 3 рубль берді. Сол маған сеп болды ғой деймін.

– Автобус тізгіншісінің бір күні қалай өтеді?

– Біздің де бір күніміз көңіл күйге байланысты болады. Жұмысқа асыққан, балабақшаға бара жатқан, ем алып қайтқан, сабаққа ынталы әртүрлі санаттағы жолаушыны көреміз. Бәрі бір автобустың ішінде жолығады. Жұмыстан қайтқан халықты көресің, 1 сағат 20 минуттан астам уақыт

автобуста болады. Одан әрі тағы бір көлікке отырып, Қаскелең, Ұзынағаш сияқты жерге аттанады. Ел-жұртты бақылап, жолды қарап, позитивті адамды көріп, жақсымен тілдесіп жүрсек, әлбетте көңіл көтеріңкі болады. Күніміз сәтті өтеді.

Жалпы айтқанда, әр күн әрқалай. Түстен кейін әртүрлі адамды көресіз. Кешқұрым шаршап-шалдыққан, үйіне бет бұрғандарды аңғарсыз. Арасында ішкілікке салынғандары болады. Ішімдік ұрттағандардың иісі мұрын шыдатпайды, басты ауыртады. Кейбір көлік жолды қиып тоқтай қалады. Сондай сәтте амалын тауып іштегі халыққа зиян келтірмеуді қарастырасыз. Басты мақсат – жұмысты жақсы атқару.

– Қызықты жағдай болып тұра ма?

– Жақында бір қызықты оқиға орын алды. Қарбалас кезең басталды. Автобус

Еңбекқорлық пен жауапкершілік ұлтымыздың бірегей болмысына айналуға тиіс. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасының мәні де осында жатыр.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

іші тола адам. Бір сұп-сұлу келіншек мінді. Өзіміз қарбаласып келе жатырмыз. Сол келіншек маған қарап үш мәрте түшкірді. Әрі-бері үндемедім. Содан не керек, болмағасын «ары қарап түшкір-сеңізші» дедім. Сонда ол «ағай, арғы жағында да адамдар тұр ғой» дейді. Іле-шала «мен адам емеспін бе?!» деп қалдым. Келіншек болса, «сіз бір адамсыз – түсінесіз, көп адам түсінбейді ғой» деп күлді. Сөйтіп, бәріміз қыран-топан күлкіге батық. Осындай қызықты жағдаяттар орын алып тұрады.

Отбасым үшін
еңбектенемін

– Бұл салаға табандылық керек пе?

– Әрине! Автобус айдау оңай емес. Қоғамдық көлікті жүргізіп, халыққа қызмет кылуға 16-17 сағат уақыт кетеді. Өзімізге нәпақа, бала-шағаға несібе табуға шығамыз. Табандылық болмаса, іс өнбейді. Өйткені, жүйке шаршайды. Таңғы сағат 4.30-да оянғаннан тынбай кешкі сағат 23.00-ге дейін жүресіз. Үйге жеткенше біраз уақыт кетеді. Арасында түске дейін, кейін 35 минуттан 2 үзіліс болады. Сол уақытта тамактанып үлгереміз. Көңілі болмаған адам ашуын жүргізушіден алғысы келеді. Ондайлар да бар. Базардан қайтқан үлкен апалар тәттілерін беріп, ақжарма тілегін айтып кетіп жатады.

Қазіргі таңда күн ұзаққа жұмыс жасау деген оңай емес. Жұмыс жүйкені жеп қояды. Бұл денсаулықты алады екен. Оның үстіне күнкөріс, бала өсіру, пәтер жалдап тұру, несие төлеу бәрі-бәрі оңайға түспейді. Мүгедек топтағы ұлдарым бар, соларды асырау қажет. Соның барлығына табандылық, төзімділік керек. Қиындыққа шыдап бағып, бәрін еңсеріп келеміз. Отбасының әкесі болу – батырлық.

Жолда тіл табысып жүргенді құп көреміз. 23 жылдан бері жолда жүрміз. Алматыда қоғамдық көлікті 17 жылдан бері жүргізіп келеміз. 2-3 күн жұмысқа шықпай қалсам, сағынамын.

Ертемен жұмысына алып келген кісілердің кешкісін үйіне аман-сау жетуіне тілектеспіз. Таңертең жол апатынан сақтасын деп дұға-тілек тілеп шығамыз. Халықпен тіршілік бір болған соң, елдің тілеуінде жүреміз.

Біздің отбасымыздың жылуын кіргізіп, ас-ауқат, киім-кешекті дайындап, бала-шағаға қарап отырған отанасына мың рахмет! Жан жарымның арқасында отбасым ың-шыңсыз, айрандай ұйып отыр. Жұмыстан шаршаған сәтімді үйге келсем ұмытамын. Кейде 3-4 күн қатарынан жұмыс істеп, кеш келіп жатсам, кіші ұлым ұйықтамай мені күтіп отырады. Жүрегім сондайда жылып қалады. Үлкен ұлдарым спортпен шұғылданып, біраз белесті бағындырып жүр. Еткен еңбектің қадірін білсе, еңбектің өтелгені. Айлық шайлықтан артылып, несие құрғыр төленіп бітіп, ойлаған арман-мақсатқа жетуді көздейміз.

«Жүргізушінің жағдайы
жақсарса екен»

– Кәсібіңіздің қиындығы неде?

– Ең бастысы, тағы қайталап өтейін, төзімді жүйке керек. Анау-мынау сәттерді елемей қажет. Өзім жүргізуші болуды маалап істеп келемін. Егер бір саланың маманы болып, ісіңе беріліп ітесенсіз, іс өнеді.

Біздің Сағ city маңайында автобус тоқтайтын арнайы тұрақ бар. Бұған 66, 65, 122, 110, 236 бағытындағы автобустар келіп тоқтайды. Сол жерге арнайы «әжет-хана» салынса екен. Сонымен қатар, әлеуметтік нысан бой көтерсе дейміз. Автотұрақ аумағына тазалық жасалса, нұр үстіне нұр болар еді. Дәлірек, жүргізушілер тамактанатын асхана ғимараты бой көтерсе екен. Бұл өтініш атқамінер азаматтарға

құлаққағыс болса деген автобус жүргізушісі әріптестерімнің сұранысы еді.

Көптеген жүргізушінің жүйкесі жұмыстан тозады. Қант диабеті пайда болуы мүмкін. Жоқ дегенде, белі ауырады. Автобусты 16 сағат тізгіндеу жеңіл жұмыс саналмайды. Сондықтан жүргізушілердің жағдайын жасап, әлеуметтік қамсыздандыру керек деп білеміз. Бұл салада табандылық көрсетіп төзген адам ғана істейді.

Сабырлы болған
озады

– Ерекше сәттер есіңізде ме?

– 2000 жылы Ташкенттің «Ипподром» базарына барғанбыз. Коммерсанттардың кезі. Кеденнің күшейген шағы болатын. Үлкен автобустан өрт шықты. Тауарларды сыртқа тастадық. Автобусты өшіріп үлгердім. Адамдарды тысқа шығардым. Сөйтіп жүріп, өзім де талып қалыппын. Осылайша жұртқа жәрдем бере алғаныма қуанамын.

Осыдан 10–12 жылдай бұрын, өзім автобустың шопырымын, келіншегім кондуктор болып көмектеседі. Сол уақыттарда қалта ұрылары көбейіп кеткен кез еді. Бір ұры біреудің ақшасына қол салды. Ұры-қарыны байқап, артқы есіктен ұстап алдым. Біреуі маған пышақ салып алды. Әйелім айғайға басты. Өзім де уағында қаратәмен айналысқанмын. Әлгілерді суық қаруымен бірге бір теуіп сұлаттым.

Жас уақытында Алматыда жолға талапсып жүретінбіз. Ешкімге дес бергіміз келмейді. Бір жолы «Джип» маркалы жеңіл көлікпен жолға таластық. Ол уақытта арнайы «Автобус жолағы» болмайтын. Сол кездегі «Крючкова-Полежаева» деп аталып кеткен аялдама тұсына дейін таласып келдік. Әлгі «Джип» тізгіншісі жолдың ортасына кесе-көлденең қойды да, терезеден қару тақады... Отбасымызбен пәтер жалдап тұрамыз. Келіншегім куә. Баламды отадан шығарған кез, ақша керек. Бір жағынан анам науқас-тұғын. Сол кезде қатты қиналып кеттік. Бәрін ойлап кетсем керек, әлгі мылтықтың ұңғымасын маңдайыма өзім тіреп «ал, шүріппені бас!» дедім. Бұдан да дін-аман өттік. Жастық қайсар-қайратқа ештеңе жетпейді. Жас кезде адам максималист болады. Осындай қызығы мен қиындығы көп тамаша күндер бастан өткен екен. Өткенді ойлап, түрлі жағдайды сарапқа салып, ойланады екенсіз.

Қазір 50 жастан астық. Аяқ көтеріп, қолды әдіспен қимылдату қиындап барады. Денсаулықты біртіндеп тіршілікке берері екенсіз. Есте қалған осындай сәттер өскелең ұрпаққа сабақ болса дейміз.

«Сақтансаң, сақтайды»

– Қоғамдық көлік тізгіндегісі келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Қазір жастар автобус жүргізуге қызыға қоймайтын сияқты. Бұл жауапкершілігі көп жұмыс. Қоғамдық көлікте әр адамның тағдыры жүргізушіге аманат. Кез келген сәтті жіті қадағалап, әр тетікті мұқият байқап, бағытты андап, ісіңе жауапты болуы керек. Қаланың ішінде кептеліс өте көп. Көбісі жинап-теріп, автокредитпен көлік алып жатыр. Егер тиіп кетсең, төлетуге құмарлар жетерлік... Негізі, сақтанып жүрген дұрыс.

Бір сөзбен түйіндеп айтқанда, қолдап-қуаттап жүрген автопарк директоры, әріптестеріме, отбасыма алғысым шексіз.

Ең бастысы, денсаулық мықты болсын. Алға қойған іс берекелі болғай. Қысқа ғана ғұмырда ешкіммен жолға, жұмысқа таласпай, өз несібе-рызығыңды адал еңбекпен тапқанға не жетсін!

– Әңгімеңізге үлкен рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.